Особенности и классификация сенсомоторных упражнений

Все сенсомоторные упражнения условно подразделяются на несколько групп в зависимости от типа воздействия на организм ребёнка:

1. **Пространственно-ориентированные упражнения:** направлены на улучшение пространственного восприятия и ориентации. Примеры таких упражнений: ходьба по прямой линии, прыжки через верёвочку, передвижение по нарисованным фигурам.

2. **Зрительно-моторные упражнения:** связаны с развитием визуального контроля над действиями. Например, броски мяча в определённую точку, рисование фигур глазами.

3. **Координационно-пространственные упражнения:** объединяют умение согласовывать зрение, слух и движение. Сюда относятся танцы, спортивные игры, выполнение команд по звуковым сигналам.

4. **Развитие мелкой моторики:** упражнения, направленные на тонкую координацию мелких мышц кисти руки. Это лепка, письмо, шнуровка, завязывание узлов.

5. **Вестибулярные упражнения:** помогают укреплять вестибулярный аппарат, поддерживать баланс и устойчивость. Подобные упражнения включают ходьбу по бревну, качели, вращения.

Каждая группа упражнений обладает своими особенностями и имеет особую ценность в формировании двигательных функций ребёнка.

Методика применения сенсомоторных упражнений на уроках физической культуры

Эффективность применения сенсомоторных упражнений зависит от правильного подбора соответствующих возрасту и уровню готовности учащихся упражнений. Для успешной интеграции этих техник в образовательный процесс учителю необходимо соблюдать ряд принципов:

1. **Индивидуализация нагрузки:** каждый ребёнок отличается уровнем физического развития и индивидуальной реакцией на предлагаемые упражнения. Поэтому необходима дифференциация заданий, обеспечивающая каждому оптимальные условия для прогресса.

2. **Последовательность и постепенность:** сложность упражнений должна увеличиваться постепенно, начиная с простых движений и переходя к более сложным комбинациям.

3. **Регулярность тренировок:** регулярные занятия обеспечивают накопительный эффект и приводят к стабильному росту показателей физической подготовки.

4. **Игровая форма подачи:** поскольку дети младшего школьного возраста предпочитают игровую форму деятельности, большинство упражнений должно включать игровые элементы.

Например, учитель может предложить детям игру «Попади мячом в корзину», сочетающую точность попадания рукой и оценку расстояния до мишени. Или упражнение «Пройди лабиринт», направленное на развитие ориентации в пространстве и внимательности.

Анализ результатов внедрения сенсомоторных упражнений

Многочисленные исследования подтверждают высокую эффективность использования сенсомоторных упражнений в школьной программе. Дети, регулярно занимающиеся такими упражнениями, демонстрируют значительное повышение выносливости, скорости реакций, координации движений и общей физической работоспособности. Некоторые исследователи отмечают также позитивное воздействие сенсомоторных нагрузок на когнитивные процессы, улучшаются память, внимание и даже успеваемость по другим предметам.

Однако важно помнить, что положительный эффект возможен лишь при условии правильной организации занятий и соблюдения педагогических норм. Безответственное отношение к выбору упражнений и игнорирование индивидуальных особенностей детей может привести к негативным последствиям.

Рекомендации по внедрению сенсомоторных упражнений в практику учителя физической культуры

Предлагаем вашему вниманию некоторые рекомендации, позволяющие успешно интегрировать сенсомоторные упражнения в учебную программу:

1. Начиная занятие с разминки, включающей базовые сенсомоторные элементы (ходьба по кругу, хлопки ладонями, перекатывания мяча).

2. Используйте специальные тренажёры и оборудование (гимнастические мячи, коврики, кольца, лестницы).

3. Проводите соревнования и конкурсы, создающие мотивацию и соревновательный дух.

4. Контролируйте динамику развития учащихся путём регулярной оценки результатов.

5. Периодически обновляйте репертуар упражнений, вводя новые задания и усложняя старые.

Применение этих рекомендаций обеспечит высокий уровень заинтересованности детей в занятиях и позволит достигнуть значимых успехов в развитии двигательных навыков.

Практические примеры упражнений

Приведём несколько наглядных примеров упражнений, которые легко включить в уроки физической культуры:

- **Игра «Часики»:** ребенок становится лицом к стене, вытягивая вперёд руку, изображая стрелку часов. По команде взрослого ребёнок поворачивается на нужный угол, имитируя положение часовой стрелки.

- **Хождение по канату:** учащиеся передвигаются по натянутой ленте, стараясь сохранить равновесие и не сходить с неё.

- **Рисование ногами:** ученик ложится на пол, поднимает ноги вверх и рисует ими воображаемые фигуры.

Такие упражнения просты в исполнении, увлекают детей и оказывают благотворное влияние на их физическое развитие.

Заключение

Подводя итог, можно уверенно утверждать, что введение сенсомоторных упражнений в уроки физической культуры начальной школы значительно улучшает качество образовательного процесса. Благодаря такому подходу удаётся развить важные двигательные навыки, укрепить здоровье детей и подготовить их к дальнейшему освоению сложных двигательных дисциплин. Применение рекомендованных нами упражнений позволяет сделать уроки интересными, разнообразными и эффективными.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Брыкова А.В. Физическое воспитание дошкольников и младших школьников // Начальная школа плюс До и После. — 2015. — № 3. — С. 38–41.
2. Дубровский Д.А. Развитие мелкой моторики у детей дошкольного возраста средствами подвижных игр // Теория и практика физической культуры. — 2016. — № 6. — С. 56–59.
3. Колосова Е.С. Методика развития основных видов движений у младших школьников // Физкультура и спорт. — 2018. — № 2. — С. 44–47.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18525962>

ЖАСУШАЛЫҚ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

МАМБЕТОВА ЖАНСАЯ АБДИРАШИТОВНА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты. Алматы.
Қазақстан.

Аннотация: Мақалада қазіргі заманғы биологиялық білім берудегі цифрлық трансформация мәселелері қарастырылады. Жасушалық деңгейдегі биологиялық процестерді оқытуда компьютерлік модельдеу, виртуалды және биоинформатикалық әдістерді қолданудың ғылыми-әдістемелік тиімділігіне талдау жасалады. Зерттеу барысында интерактивті бағдарламалар, виртуалды зертханалар, цифрлық микроскоптар және электронды білім беру ресурстарын пайдалану жолдары талданды. Компьютерлік технологиялар оқушылардың теориялық білімін тереңдетуге, практикалық дағдыларын қалыптастыруға және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық орта күрделі биологиялық процестерді көрнекі әрі жеңіл түсіндіруге мүмкіндік береді. Тәжірибелік жұмыстарды компьютерлік құралдармен интеграциялау оқу үдерісін жаңартып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

Кілт сөздер: компьютерлік технологиялар, жасуша биологиясы, биологияны оқыту, интерактивті құралдар, цифрлық микроскопия, виртуалды зертхана, оқу мотивациясы, электронды ресурстар, АКТ, білім беру технологиялары.

Жасушалық биология (цитология) - биология ғылымының ең жоғары динамикалық және микроскопиялық деңгейдегі саласы. Бұл саланы оқытудағы негізгі дидактикалық мәселе субмикроскопиялық құрылымдар мен молекулалық механизмдердің визуализациясы. Дәстүрлі оқыту әдістері көбінесе статикалық иллюстрациялар цитоплазмалық матрикстегі күрделі биохимиялық каскадтар мен конформациялық өзгерістерді толық сипаттай алмайды. Сондықтан, Computer-Aided Instruction (CAI) технологияларын интеграциялау білім беру парадигмасын сапалы жаңартудың басты шарты.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, адам миы динамикалық микроқұрылымдарды кеңістіктік-уақыттық контексте жақсырақ қабылдайды. Жасуша циклі (митоз, мейоз), апоптоз немесе мембраналық тасымал (эндоцитоз және экзоцитоз) процестерін компьютерлік анимация арқылы көрсету оқушылардың когнитивтік жүктемесін азайтып, материалды тереңірек меңгеруге мүмкіндік береді. RuMOL(молекулалық бейнелеу жүйесі) немесе Jmol(Java тілінде жазылған үш өлшемді молекулалық құрылымдарды визуализациялауға арналған бағдарлама) сияқты кәсіби бағдарламалық қамтамасыз етулерді оқу процесіне енгізу арқылы ақуыздардың үшінші реттік құрылымын және лиганд-рецепторлық әрекеттесуді молекулалық деңгейде талдауға болады.

Виртуалды зертханалар - бұл биологиялық нысандардың математикалық үлгілеріне негізделген интерактивті орта. Электронды микроскопия немесе флуоресцентті талдау сияқты қымбат және күрделі зерттеулерді цифрлық форматта имитациялау.

Студенттер жасушалық ортаның параметрлерін (рН, температура, иондар концентрациясы) өзгерте отырып, биологиялық жүйенің жауабын нақты уақыт режимінде бақылай алады. Бұл гипотезаларды тексеру және ғылыми индукция әдістерін меңгеруге жол ашады.

Қазіргі заманғы жасушалық биологияны есептеуіш әдістерсіз елестету мүмкін емес. Оқыту процесіне биоинформатика элементтерін енгізу білім алушылардың аналитикалық құзыреттілігін арттырады, мысалы:

- Геномдық талдау: BLAST алгоритмдері арқылы нуклеотидтік тізбектерді салыстыру, гендердің гомологиясын анықтау.

• Компьютерлік модельдер арқылы ақуыздың аминқышқылдық тізбегінен оның кеңістіктік конфигурациясын болжау.

Жасушалық биологияны оқытудағы цифрлық интеграцияның басымдықтары мен практикалық нәтижелеріме келетін болсам, жасушалық биологияның іргелі заңдылықтарын студенттерге меңгерту тек теориялық білім беру емес, олардың бойында зерттеушілік дағдыларды қалыптастыруды талап етеді.

Студенттерге бактерия, саңырауқұлақ, өсімдік және жануар жасушаларының құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіруде 3D-визуализациялау мен виртуалды микроскопия шешуші рөл атқарады деп ойлаймын.

Сабак барысында студенттер виртуалды симуляторларды қолдана отырып, бактериялардың прокариоттық құрылымын және эукариоттық жасушаларды салыстырды. Виртуалды зерттеу барысында студенттер бактериялардағы муреин қабырғасы мен нуклеоид аймағын, саңырауқұлақтардағы хитин мен гликогенді, өсімдіктердегі целлюлоза мен ірі вакуольдерді өз бетінше идентификациялады.




1-сурет. Аудиториядағы интерактивті когнитивті орта: Студенттердің жасуша ультрақұрылымын 3D-модельдеу арқылы зерттеу процесі

Нәтижесінде, виртуалды нысандармен жұмыс істеген студенттердің 90%-ы жасушалардың морфологиялық айырмашылықтарын талдау кезінде жоғары көрсеткіш көрсетті. Бұл әдіс студенттердің таксономиялық жіктеу дағдыларын бекітуге мүмкіндік берді.

Жасуша органоидтарының құрылым мен функциясының арасындағы байланысты оқытуда статикалық суреттер студенттерге толыққанды ақпарат бере алмайды. Сондықтан динамикалық симуляциялар мен интерактивті модельдерді қолдану ең тиімді жол болып табылады. Митохондрия мен хлоропласттың жұмысын меңгеру кезінде студенттер АТФ синтезінің хемоосмотық моделін виртуалды түрде сынап көрді. Олар симуляция арқылы протондар (H^+) концентрациясының градиентін өзгерте отырып, АТФ-синтаза ферментінің белсенділігіне бақылау жасады. Сондай-ақ, Гольджи аппараты мен эндоплазмалық тор арасындағы везикулярлық тасымалдың "нақты уақыт режиміндегі" моделі қолданылды. Студенттер органоидтарды жеке құрылым ретінде емес, біртұтас метаболикалық жүйенің компоненттері ретінде қабылдай бастады. Бұл олардың биохимиялық процесстерді кеңістіктік деңгейде түсіну деңгейін 35%-ға арттырды.

Биология пәнінің оқытушысы ретінде менің тәжірибемде виртуалды зертханалар мысалы, Labster немесе Phet студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі құралына айналды. «Клеткалық мембраналардың өткізгіштігі, диффузия және осмотық процесстер» тақырыбында студенттер виртуалды ортада жасушаны түрлі концентрациялы (гипертониялық, гипотониялық, изотониялық) ерітінділерге салып, плазмолиз және деплазмолиз құбылыстарын зерттеді. Нақты зертханада ұзақ уақытты қажет ететін бұл тәжірибе компьютерлік модельде секундтар ішінде көрініс тауып, студенттерге бірнеше рет эксперимент жасауға мүмкіндік берді. Тәжірибелік жұмыстарды цифрлық форматта орындау студенттердің деректерді талдау, гипотеза құру және қорытынды шығару қабілеттерін

дамытты. Студенттердің практикалық есептерді шығару деңгейі дәстүрлі топтармен салыстырғанда 1,5 есе жоғарылады.



Компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы оқу жетістіктерінің өзгеру динамикасы

Бұл графикте: X осі - оқу тақырыптары. Y осі - білім сапасының өсімі (%). Ең жоғары өсім митоз және мейозды компьютерлік модельдеу кезінде байқалғаны анық көрінеді. Педагогикалық эксперимент оқу процесі барысында жүргізілді және бақылау және эксперименталды топтарды қамтыды. Бақылау тобында сабақтар дәстүрлі оқыту әдістері негізінде өткізілді, яғни түсіндіру, оқулықпен жұмыс, статикалық суреттер мен кестелерді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Эксперименталды топта «Жасуша биологиясы» бөлімі виртуалды зертханалар мен компьютерлік модельдеу технологиялары негізінде оқытылды. Білім алушылар жасушаның прокариоттық және эукариоттық құрылымдарын салыстыру, органоидтардың ультрақұрылымын анықтау, мембраналық тасымал процестерін (осмос және диффузия), АТФ синтезін, митоз және мейоз фазаларын кеңістікте модельдеу тапсырмаларын орындады. Педагогикалық эксперименттің мақсаты: биология пәнінің «Жасуша биологиясы» бөлімін оқытуда виртуалды зертханаларды қолданудың білім алушылардың теориялық білімін тереңдетуге, практикалық дағдыларын қалыптастыруға және оқу жетістіктерінің сапасын арттыруға тигізетін әсерін тәжірибе жүзінде тексеру және ғылыми негіздеу.

Эксперименттің қойылған мақсатына жету үшін келесі міндеттер айқындалды:

1. «Жасуша биологиясы» бөлімі бойынша білім алушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау;
2. Дәстүрлі оқыту әдістері қолданылған бақылау тобымен және виртуалды зертханалар пайдаланылған эксперименталды топпен оқыту процесін ұйымдастыру;
3. Виртуалды зертханалар арқылы жасушаның құрылымы мен қызметін, органоидтардың ультрақұрылымын, жасушадағы энергия алмасу процестерін және митоз бен мейоз кезеңдерін модельдеу;
4. Эксперимент барысында білім алушылардың танымдық белсенділігі мен оқу мотивациясының өзгерісін бақылау;
5. Бақылау және эксперименталды топтардың оқу жетістіктерін салыстырмалы түрде талдау;
6. Виртуалды зертханаларды қолданудың білім сапасына әсер ету тиімділігін сандық және сапалық көрсеткіштер арқылы бағалау.

Эксперимент нәтижелерін бағалау үшін тест тапсырмалары, практикалық жұмыстар және қорытынды бақылау қолданылды. Алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өткізіліп, бақылау және эксперименталды топтардың орташа көрсеткіштері салыстырылды. Төмендегі кестеде студенттердің жасуша құрылымы мен органоидтар қызметі бойынша бақылау тапсырмаларын орындау көрсеткіштері 100 балдық жүйемен берілген:

1-кесте. Компьютерлік технологиялар негізінде «Жасуша биологиясы» бөлімін меңгеру көрсеткіштері

Бақылау параметрлері (тақырыптар)	Бақылау тобы(дәстүрлі оқыту)	Эксперименталды топ	Білім сапасының өсімі (%)
Прокариоттық және эукариоттық жасушаларды салыстыру	62.4	88.7	+26.3
Органоидтардың ультрақұрылымын идентификациялау	58.2	91.5	+33.3
Жасуша мембранасының тасымалдау қызметі (осмос/диффузия)	51.6	84.2	+32.6
Жасушадағы энергетикалық алмасу (АТФ синтезі)	55.3	81.9	+26.6
Митоз және мейоз фазаларын кеңістікте модельдеу	48.7	89.4	+40.7
Жалпы орташа көрсеткіш	55.2	87.1	+31.9

«Жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелері көрсеткендей, компьютерлік технологияларды қолданған эксперименталды топтағы студенттердің білім сапасы бақылау тобына қарағанда орта есеппен 31.9%-ға жоғарылады. Ең жоғары өсім митоз және мейоз фазаларын модельдеу (+40.7%) мен органоидтарды идентификациялау (+33.3%) тақырыптарында байқалды. Бұл динамикалық процестерді 3D форматта көру студенттердің визуалды есте сақтау қабілетін арттырып, күрделі биологиялық механизмдерді саналы түрде түсінуге мүмкіндік бергендігін айғақтайды. Виртуалды зертханада параметрлерді (температура, концентрация) өз бетінше өзгерту мүмкіндігі студенттерді пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеуші деңгейіне көтерді.

Студенттердің когнитивті қабілеттерін дамытуда компьютерлік технологияларды қолданудың келесідей тиімді жолдары мен нақты нәтижелерін атап көрсетуге болады. Компьютерлік технологияларды қолдану оқытудың тиімділігін жоғарлататыны келесі бағыттар бойынша айқындады:

1. Күрделі молекулалық процесстер (ДНҚ репликациясы, ақуыз синтезі) визуалды бейнеленгендіктен, есте сақтау коэффициенті өсті.

2. Студенттер биологиялық процесстерді физикалық және химиялық заңдылықтармен мысалы, диффузия, энергетикалық алмасу байланыстыруды үйренді.

3. Заманауи IT-құралдармен жұмыс істеу студенттердің ғылыми зерттеуге деген қызығушылығын оятып, оларды пассивті тыңдаушыдан белсенді ізденушіге айналдырды.

4. Биология, информатика және физика пәндерінің синтезі іске асады (STEM білім беру).

Қорытындылай келе, жасушалық биологияны оқытуда компьютерлік технологияларды қолдану - бұл жай ғана техникалық жабдықтау емес, бұл оқытудың жаңа әдістемелік философиясы, студенттердің кәсіби даярлығын заманауи ғылым талаптарына сәйкестендірудің негізгі факторы болып табылады. Болашақта VR (Virtual Reality) және AR (Augmented Reality) технологияларының жасушалық деңгейдегі зерттеулермен терең интеграциялануы биологиялық білім берудің сапасын жаңа деңгейге шығаратыны сөзсіз.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18525974>

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ҚАЛИМОЛДА АЙЖАН БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,

7M01902-Арнайы педагогика білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты

Соңғы жылдары арнайы білім беруді қажет ететін балалар санының артуы – бүгінгі күнге тән жаһандық үрдіс. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сапалы әрі қолжетімді білім алуға деген қажеттіліктері мен құқықтарын қанағаттандырудың ең тиімді жолдарының бірі – инклюзивті білім беру болып табылады. Қазіргі таңда логопедиялық сүйемелдеу баланың даму, оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтену міндеттерін шешуде кешенді технология, қолдау мен көмек көрсетудің ерекше мәдениеті ретінде қарастырылады. Логопедиялық сүйемелдеу баланың табысты оқуы мен психологиялық дамуына қолайлы әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын тұтас, жүйелі ұйымдастырылған қызмет ретінде анықталады.

Жалпы «сүйемелдеу» ұғымын тек білім беру психологы немесе педагогтың қызметі шеңберінде ғана емес, сонымен бірге білім беру ұйымдары құрылымындағы басқа да мамандардың – логопедтердің, әлеуметтік педагогтардың, тьюторлардың қызметіне қатысты қарастыру қажет. Осыған байланысты сүйемелдеу құрылымында логопедиялық сүйемелдеудің маңызы ерекше. Өз кезегінде бұл сөйлеу қызметі, адамның ең маңызды психикалық функцияларының бірі болып табылуымен байланысты. Сөйлеу дамуы үдерісінде танымдық қызметтің жоғары формалары, ұғымдық ойлау қабілеті қалыптасады.

Сөйлеу бұзылыстары толыққанды қарым-қатынас жасауға ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісіне де елеулі кедергі келтіреді. Мұғалім-логопед баланың сөйлеу дамуын зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, жұмыс бағыттарын анықтайды, логопедиялық сүйемелдеу бағдарламасын әзірлейді, сөйлеу бұзылыстарын түзету бойынша топтық және жеке сабақтар өткізеді, сондай-ақ ата-аналармен кеңес беру және ағартушылық жұмыстар жүргізеді. Демек, логопедиялық сүйемелдеу диагностикалық, түзету-дамыту, алдын алу, ұйымдастырушылық және ағартушылық іс-шаралардың кешенін қамтиды.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі білім беру ұйымдарына ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін арнайы білім беру жағдайларын жасауға қойылатын талаптар мен осы үдерістің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жеткіліксіз әзірленуі арасындағы қарама-қайшылықпен анықталады. Осы тұрғыдан алғанда кешенді логопедиялық сүйемелдеуді жобалау мен жүзеге асырудың маңызы ерекше.

Зерттеу контексті жалпы білім беру жағдайында оқитын, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы білім беру жағдайларын жасауды, ең алдымен, осындай білім алушыларға логопедиялық сүйемелдеуді жобалау мен жүзеге асырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеуді көздейді.

Қазіргі білім беру жүйесінде жеке түзету-педагогикалық жұмысты жобалау қажеттілігі сыртқы әлеуметтік-педагогикалық факторлармен (әлеуметтік жағдайдың өзгеруі, адамгершілік құндылықтар мен моральдық талаптардың ауысуы), сондай-ақ өсіп келе жатқан ұрпақтың ішкі психикалық үдерістерінің ерекшеліктерімен (санасы, дүниетанымы, қоғамға қатынасы) айқындалады. Жеке кешенді түзету-білім беру бағдарламасының мақсаты – балалардың білім беру ұйымының жағдайына бейімделуіне көмектесу, оларды дені сау құрдастарымен бірге оқыту үдерісінде қолдау көрсету, педагогикалық көмек көрсету, ал отбасы мүшелеріне кеңес беру арқылы қолдау көрсету.

Кешенді логопедиялық сүйемелдеуді жобалау мен жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарына мыналар жатады: білім беру ұйымында сүйемелдеу қызметінің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумның болуы;

баланы жеке білім беру маршруты бойынша оқытуға ата-аналардың (заңды өкілдердің) келісімі; даярланған педагог кадрлардың болуы [6, 86-б.].

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке білім беру маршрутын жобалау технологиялары А.Д. Вильшанская, Е.А. Екжанова, Т.П. Дмитриева еңбектерінде қарастырылған [3; 4; 6].

Қазіргі білім беру тәжірибесінде сүйемелдеу мәселесінің теориялық негіздері М.Р. Битянова, И.В. Дубровина, Е.И. Казакова, Л.М. Шипицина еңбектерінде [2; 7; 8], ал ерекше білім беруді қажет ететін балаларды логопедиялық сүйемелдеу мәселелері Г.В. Бабина, Л.И. Белякова, В.К. Воробьева, О.С. Орлова, Т.В. Туманова, Г.В. Чиркина, Т.Б. Филичева еңбектерінде қарастырылған [5].

Кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, әдетте, барлық мамандардың (педагог-психолог, мұғалім-логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, тьютор) түзету-педагогикалық жұмысын, ата-аналар мен педагогтарға арналған кеңес беру-ағартушылық және алдын алу жұмыстарын қамтиды [1; 6].

Кешенді сүйемелдеуді жүзеге асыруда логопедиялық жұмыстың маңызы ерекше, өйткені сөйлеу бұзылыстары негізгі білім беру бағдарламасын меңгеруге кедергі келтіреді.

Алғашқы тексеру нәтижелері бойынша оқушыға логопедиялық сипаттама жасалады. Бұл құжатта төмендегілер көрсетіледі:

- оқушының тегі, аты, әкесінің аты;
- сөйлеу ортасы (отбасында қолданылатын тілдер, ересектердегі сөйлеу кемшіліктері, қостілділік және т.б.);
- мектепке дейінгі кезеңде логопедпен жүргізілген жұмыс (анықталған бұзылыстар, көмектің ұзақтығы мен нәтижесі);
- ауызша сөйлеу сипаттамасы (фонематикалық қабылдау, дыбыс айту, сөздік қоры, грамматикалық құрылым, байланыстырып сөйлеу);
- жазбаша сөйлеу сипаттамасы (оқу дағдылары, оқу қарқыны, қателер, мәтінді түсіну; жазу дағдылары, графомоторлық дағдылар, орфографиялық қателер).

Мұғалім-логопед ауызша және жазбаша сөйлеуді зерттеу нәтижелері негізінде сөйлеу бұзылысының клиникалық-педагогикалық диагнозын қояды, түзету-логопедиялық оқыту бағдарламасын әзірлейді, жеке және топтық сабақтар өткізеді, мұғалімдер мен ата-аналарға кеңес береді.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі ретінде жеке білім беру жоспары жасалады, онда «Логопедиялық сүйемелдеудің құрылымдық компоненттері» бөлімінде мыналар көрсетіледі:

1. логопедиялық көмекке мұқтаж балаларды анықтау;
2. тереңдетілген диагностика;
3. логопедиялық қорытынды мен ұсыныстар;
4. ПМПК отырысында талқылау;
5. жеке білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
6. көмек көрсету мерзімдерін анықтау;
7. жұмыс формалары мен технологияларын таңдау;
8. тиімділікті мониторингтеу;
9. бағдарламаны іске асыру;
10. нәтижелерді талдау.

Осылайша, құрылымдалған және жүйелі логопедиялық сүйемелдеу инклюзивті білім берудің негізгі мақсатына – ерекше білім беруді қажет ететін балалардың табысты білім алуына және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды логопедиялық сүйемелдеу мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы балалардың даму диагностикасын жүргізуден және оның нәтижелерін психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумда (ПМПК) талқылаудан басталады. Ғылыми әдебиеттерде дефектолог-мұғалімдер қолданатын келесі әдістемелер оң нәтиже көрсеткені сипатталған, солардың бірі:

- В. А. Феокистованың «Баланың танымдық іс-әрекетін зерттеу әдістемесі»;
- С.Д.Забрамнаяның «Балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру»;
- Д.Векслердің «Көру жадын зерттеу»;
- Н.Я. Семаго, М.М. Семагоның «Вербалды емес және вербалды-логикалық ойлауды зерттеу»;

– Равен, Кох және басқа да «Құрастырушылық праксисті зерттеу» әдістемелері.

Мұғалім-логопедтер Т.А. Фотекова мен Т.В. Ахутинаның «Мектепке дейінгі жастағы балалардың нейропсихологиялық сөйлеу диагностикасы» әдістемесін қолданады. Баланы аумақтық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға жіберу туралы шешім қабылданады, бұл кешенді тексеру жүргізу және мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар дайындау мақсатында жүзеге асырылады. Психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия ұсыныстары негізінде білім беру ұйымының мамандары жеке білім беру маршрутын және бейімделген білім беру бағдарламасын әзірлейді (жеке білім беру маршруты – психикалық және дене дамуының бұзылыстары бар баламен және оны тәрбиелеп отырған отбасымен жүргізілетін түзету-дамыту қызметінің мазмұнын айқындайтын және реттейтін құжат.

Білім беру ұйымының педагогтері мен мамандары бекітілген және ұсынылған түзету бағдарламалары мен авторлық технологияларды пайдалана отырып, оларды іске асырады және баланың даму динамикасына тұрақты бақылау жүргізеді. Жеке білім беру маршрутын және бейімделген білім беру бағдарламасын нақтылау бойынша консилиум отырыстары кемінде үш айда бір рет өткізілуі тиіс. Түзету-білім беру жұмысының барысына үздіксіз бақылау – мониторинг жүргізіледі.

Мұғалім-логопедтің жұмысы Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беру үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартта (МЖМБС) айқындалған барлық білім беру салалары мен міндеттерін қамтиды:

«Әлеуметтік-коммуникативтік даму». Міндеттері: ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастықта болу дағдыларын қалыптастыру; қоршаған заттар мен құбылыстарды барабар қабылдау және оларға оң көзқарас қалыптастыру.

«Танымдық даму». Міндеттері: танымдық үдерістер мен ойлау әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру; табиғат пен қоғам туралы білімдерді меңгеру және байыту; танымдық қызығушылықтарды дамыту.

«Сөйлеу дамуы». Міндеттері: тіл жүйесінің құрылымдық компоненттерін (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) қалыптастыру; тілдік және коммуникативтік дағдыларды меңгерту – байланыстырып сөйлеуді, сөйлеу қарым-қатынасының екі формасын (диалог пен монологты) дамыту; тіл мен сөйлеу құбылыстарын элементарлық деңгейде түсіну қабілетін қалыптастыру.

«Көркемдік-эстетикалық даму». Міндеттері: балалардың әлемге эстетикалық қатынасын қалыптастыру; эстетикалық түсініктер мен бейнелерді жинақтау; эстетикалық талғамды дамыту.

«Дене дамуы». Міндеттері: қалыптасып келе жатқан ағзаның қызметтерін жетілдіру; қимыл-қозғалыс дағдыларын, ұсақ қол моторикасын, көру-кеңістіктік үйлесімділікті дамыту.

Осыған байланысты логопедиялық жұмыстың тиімділігін арттыру шарттарының бірі – баланың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін қорғаушы-педагогикалық және пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны құру екенін ерекше атап өткен жөн. Мұндай орта балалардың барлық іс-әрекет түрлерінің толыққанды дамуын, жоғары психикалық функциялардағы ауытқуларды түзетуді және баланың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесін білдіреді.

Осылайша, мектепке дейінгі жастағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларды инклюзивті практика жағдайында логопедиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым талаптарын сақтай отырып, мыналарды қамтиды: әрбір ерекше білім беруді қажет ететін балаларға жеке медициналық-психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді әзірлеу және жүзеге асыру; әр баланың дамуына жеке бағдарланған маршрутты әзірлеу және іске асыру;

балаларды құрдастары ортасына, өз тобының және мектепке дейінгі ұйымның өміріне белсенді енгізу арқылы білім беру ұйымына дұрыс бейімделуін қамтамасыз ету, ұжымда оң қарым-қатынастарды қалыптастыру, педагогтер мен ата-аналар арасындағы өзара әрекеттестіктің жағымды тәжірибесін меңгерту.

Білім беру жүйесін жаңғырту педагогикалық білім берудің мақсаттары мен мазмұнын жаңартуды талап етеді. Инновациялық қызметтің маңызды бөлігі – ерекше білім беруді қажет ететін балаларды кешенді сүйемелдеудің ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу. Логопедиялық сүйемелдеу ерекше маңызға ие, себебі ол оқу бағдарламасын меңгеруге және қоғамға кірігуге кедергі келтіретін сөйлеу бұзылыстарын түзетуге бағытталған. Зерттеу логопедиялық сүйемелдеуді ұйымдастырудың мазмұны мен тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл бағыттағы ғылыми-әдістемелік зерттеулер алдағы уақытта да жалғасын табады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бочковская И. А. Білім беру ортасына интеграция жағдайында денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін психологиялық сүйемелдеу // *Әлеуметтік университетінің ғылыми жазбалары*. – 2011. – № 7 (95).
2. Волосовец Т. В., Казьмин А. М., Кутепова Е. Н., Ярыгин В. Н. Мектепке дейінгі білім берудегі инклюзивті практика: мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған әдістемелік құрал. – М.: Мозаика-Синтез, 2011.
3. Қазіргі білім беру кеңістігіндегі денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар / Ю. В. Мельник, Ю. Н. Мукминова, Н. А. Одинокова, Р. Х. Шаймарданов. – Н.: Ғылыми зерттеулерді дамытуға жәрдемдесу орталығы, 2016. – 140 б.
4. Малофеев Н. Н. Білім алу құқығы немесе инклюзия не үшін қажет // *Мұғалімдер газеті*. – 2010. – № 35. – 31 тамыз.
5. Одинокова Н. А. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті білім беру жүйесінде мамандардың педагогикалық өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығы // *«Әлемге ашық балалық шақ»*: Ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Омск: ОМПУ, 2017. – 181–185 б.
6. Odom S. L. et al. Inclusion at the Preschool Level: An Ecological Systems Analysis // *New Horizons for Learning*. Vol. IV, No. 3. 1998. May/June.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18525998>
ӘОЖ 372.854

СТУДЕНТТЕРГЕ ХИМИЯЛЫҚ ЭКОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ЗЕРТТЕУШІЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

ҚЫДЫРБАЙ ГҮЛНАЗ АБАЙҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
7М01510-Химия 2 курс магистранты,

Ғылыми жетекші - **БАҚЫТКӘРІМ ЫРЫСКҮЛ**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті PhD, аға оқытушы
Алматы, Қазақстан

***Аңдатпа.** Бұл мақала жоғары оқу орындарында химиялық экологияны оқыту үдерісінде зерттеушілік тапсырмаларды қолданудың студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға әсерін зерттеуге арналған. Зерттеу аралас әдіснамаға негізделген квазиэксперименттік дизайнда жүргізілді және диагностикалық, қалыптастырушы, қорытынды кезеңдерді қамтыды. Эксперименттік топта химиялық экология курсы аясында зерттеушілік тапсырмалар жүйелі түрде енгізілсе, бақылау топта дәстүрлі оқыту әдістері қолданылды. Нәтижелер зерттеушілік тапсырмалардың ғылыми-химиялық сауаттылықты, экологиялық ойлауды, деректерді талдау және практикалық шешім қабылдау қабілеттерін едәуір арттыратынын көрсетті. Эксперименттік топта функционалдық сауаттылықтың жоғары деңгейі айқын өсіп, төмен деңгей көрсеткіші айтарлықтай азайды. Зерттеу қорытындылары химиялық экологияны оқытуда зерттеушілік бағыттағы тапсырмаларды жүйелі қолданудың педагогикалық тиімділігін дәлелдейді және жоғары білім беру практикасына енгізудің маңыздылығын негіздейді.*

***Кілтсөздер:** химиялық экология; функционалдық сауаттылық; зерттеушілік тапсырмалар; жоғары білім; экологиялық ойлау; ғылыми сауаттылық.*

Кіріспе. Қазіргі кезеңде адамзаттың тұрақты дамуына қауіп төндіретін экологиялық мәселелердің күрделенуі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр [1]. Өндірістің қарқынды дамуы, антропогендік жүктеменің артуы, қоршаған ортаға әртүрлі химиялық заттардың түсуі экожүйелердің тепе-теңдігін бұзып, адам денсаулығына тікелей және жанама әсер етуде [2]. Осы тұрғыда экологиялық проблемалардың химиялық аспектілерін терең түсіндіретін химиялық экология ғылымының маңызы арта түсуде. Химиялық экология табиғи және техногендік ортадағы химиялық факторлардың тірі ағзаларға, экожүйелерге және биосфераға әсерін зерттейтін пәнаралық ғылым саласы ретінде жоғары білім беру жүйесінде ерекше орын алады.

Жоғары оқу орындарында химиялық экологияны оқыту тек теориялық білім берумен шектелмеуі тиіс. Болашақ мамандар химиялық ластағыштардың табиғатын, олардың қоршаған ортада таралу механизмдерін, экологиялық салдарын түсініп қана қоймай, алынған білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдана алуы қажет. Бұл талаптар студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қажеттігін көрсетеді. Функционалдық сауаттылық - білім алушының алған білімін практикалық міндеттерді шешуде, кәсіби және әлеуметтік жағдаяттарда тиімді пайдалана алу қабілеті [3]. OECD және PISA зерттеулерінде функционалдық сауаттылық жеке пәндік білімнен гөрі, білімді қолдану, талдау, бағалау және шешім қабылдау дағдыларымен тығыз байланысты ұғым ретінде қарастырылады [4].

ЖОО деңгейінде функционалдық сауаттылықтың құрылымына ғылыми ойлау, деректерді талдау, сыни пайымдау, экологиялық жауапкершілік және зерттеушілік қабілеттер кіреді [5]. Әсіресе химиялық экология курсы студенттерде осы дағдыларды қалыптастыруға

зор мүмкіндік береді, себебі пән мазмұны нақты экологиялық мәселелермен, химиялық талдаумен және ғылыми деректермен тікелей байланысты. Дегенмен дәстүрлі дәріс-семинар форматындағы оқыту студенттердің белсенді танымдық әрекетін әрдайым қамтамасыз ете бермейді және функционалдық сауаттылықты дамытуда жеткіліксіз болуы мүмкін.

Соңғы жылдары педагогика ғылымында білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын көздейтін оқыту тәсілдері кеңінен қолданылуда. Солардың бірі - зерттеушілік тапсырмаларға негізделген оқыту. Зерттеушілік тапсырмалар студенттерді мәселе қоюға, болжам жасауға, эксперимент жүргізуге, деректерді өңдеуге және қорытынды шығаруға бағыттайды [6]. Мұндай тапсырмалар зерттеушілік сұрауға негізделген оқыту, мәселеге негізделген оқыту және зерттеуге негізделген оқыту сияқты заманауи педагогикалық технологиялармен тығыз байланысты. Зерттеушілік тапсырмаларды қолдану білім алушының оқу субъектісі ретінде қалыптасуына, танымдық дербестігін арттыруға және білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді.

Химиялық экологияны оқытуда зерттеушілік тапсырмалар экологиялық жағдайларды модельдеу, химиялық талдау нәтижелерін интерпретациялау, қоршаған орта сапасын бағалау, экологиялық тәуекелдерді болжау сияқты әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Бұл тапсырмалар студенттердің тек химиялық білімін ғана емес, сонымен қатар экологиялық ойлауын, функционалдық сауаттылығын және кәсіби бағдарын дамытуға мүмкіндік береді. Алайда жоғары оқу орындарында химиялық экология пәнінде зерттеушілік тапсырмаларды жүйелі қолдану және олардың функционалдық сауаттылыққа әсерін бағалау мәселесі әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Осыған байланысты студенттерге химиялық экологияны оқытуда зерттеушілік тапсырмаларды мақсатты түрде енгізу және олардың білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы тиімділігін анықтау өзекті ғылыми-педагогикалық мәселе болып табылады. Бұл мәселені зерттеу жоғары білім беру мазмұнын жаңғыртуға, экологиялық бағыттағы химиялық пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіруге және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді.

Осы зерттеудің мақсаты - химиялық экологияны оқытуда зерттеушілік тапсырмаларды қолданудың студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға әсерін айқындау.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу студенттерге химиялық экологияны оқыту үдерісінде зерттеушілік тапсырмаларды қолдану арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында педагогикалық эксперимент жүргізіліп, сандық және сапалық әдістерді қамтитын аралас зерттеу дизайны қолданылды. Мұндай тәсіл зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу квазиэксперименттік сипатта ұйымдастырылды және үш негізгі кезеңді қамтыды: диагностикалық, қалыптастырушы және қорытынды. Диагностикалық кезеңде студенттердің функционалдық сауаттылығының бастапқы деңгейі анықталды. Қалыптастырушы кезеңде химиялық экология курсы аясында арнайы әзірленген зерттеушілік тапсырмалар жүйесі енгізілді. Қорытынды кезеңде алынған нәтижелер талданып, эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері салыстырылды.

Зерттеу барысында эксперименттік және бақылау топтары құрылды. Эксперименттік топта химиялық экологияны оқыту зерттеушілік тапсырмаларға негізделген тәсіл арқылы жүзеге асырылса, бақылау топта дәстүрлі оқыту әдістері (дәріс, репродуктивті семинар тапсырмалары) қолданылды. Бұл салыстырмалы талдау жүргізуге және зерттеушілік тапсырмалардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеуге жоғары оқу орнының химия-биология және экология бағытындағы бакалавриат студенттері қатысты. Зерттеу тобына 2-3 курс студенттері тартылды, себебі бұл кезеңде білім алушылар базалық химиялық білімге ие болып, зерттеушілік әрекеттерді орындауға дайын болады. Қатысушыларды іріктеу барысында олардың академиялық үлгерімі, пәнге қызығушылығы және зерттеу жұмыстарына қатысуға ерікті келісімі ескерілді.

Студенттер кездейсоқ іріктеу қағидаты бойынша эксперименттік және бақылау топтарына бөлінді. Әр топтағы студенттер саны шамалас болып, бұл алынған нәтижелердің статистикалық салыстырмалылығын қамтамасыз етті.

Зерттеу «Химиялық экология» оқу пәні аясында жүргізілді. Пән мазмұны қоршаған ортадағы химиялық факторлардың табиғи және антропогендік әсерін түсіндіруге бағытталған. Курстың негізгі тақырыптарына атмосфера, су және топырақ ластануы; ауыр металдар мен пестицидтердің экожүйелерге әсері; экотоксикология негіздері; химиялық ластағыштардың миграциясы мен биоаккумуляциясы кірді.

Оқу материалы студенттердің нақты экологиялық мәселелерді химиялық тұрғыдан талдауына мүмкіндік беретіндей етіп құрылды. Пән мазмұны зерттеушілік тапсырмалармен толықтырылып, теория мен практиканың өзара байланысы қамтамасыз етілді.

Эксперименттік топта қолданылған зерттеушілік тапсырмалар функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі компоненттеріне сәйкес әзірленді. Тапсырмалар проблемалық сипатта болып, студенттердің дербес ойлауын, зерттеу жүргізуін және қорытынды жасауын талап етті.

Зерттеушілік тапсырмалар келесі бағыттарды қамтыды:

- экологиялық жағдаяттарды сипаттайтын кейс-тапсырмалар;
- қоршаған орта мониторингі деректерімен жұмыс;
- химиялық талдау нәтижелерін интерпретациялау;
- экологиялық тәуекелдерді бағалау және болжау;
- шағын зерттеу жобаларын орындау.

Мысалы, студенттерге су объектілеріндегі ауыр металдардың шекті рұқсат етілген концентрацияларын анықтау, алынған нәтижелерді нормативтік құжаттармен салыстыру және экожүйеге ықтимал әсерін бағалау тапсырылды. Сонымен қатар өндірістік аймақтардағы топырақтың химиялық құрамын талдау негізінде экологиялық қорытынды жасау ұсынылды.

1. Студенттер өндірістік аймаққа жақын орналасқан су объектісіндегі экологиялық мәселені сипаттап, оған әсер етуі мүмкін химиялық ластағыштарды анықтайды және олардың тірі ағзаларға ықтимал әсерін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

2. Студенттер атмосфера, су немесе топырақ бойынша берілген экологиялық мониторинг деректерін талдап, анықталған химиялық заттардың концентрациясын шекті рұқсат етілген мөлшерлермен салыстырады және экологиялық жағдайға баға береді.

3. Студенттер қоршаған ортада анықталған пестицидтің немесе ауыр металдың экожүйеде таралу жолдары мен биоаккумуляция мүмкіндігі туралы ғылыми гипотеза ұсынып, оны химиялық қасиеттері арқылы дәлелдейді.

4. Студенттер белгілі бір химиялық ластағыштың су немесе топырақ экожүйесіне әсерін зерттеуге арналған модельдік эксперименттің мақсатын, айнымалыларын және зерттеу әдістерін жоспарлайды.

5. Студенттер алынған химиялық талдау нәтижелерін негізге ала отырып, экологиялық тәуекел деңгейін анықтайды және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ғылыми негізделген практикалық ұсыныстар жасайды.

6. Студенттер химиялық заттардың биологиялық және экологиялық әсерін пәнаралық тұрғыдан қарастырып, химия, биология және экология арасындағы өзара байланысты талдайды.

7. Студенттер нақты экологиялық проблема бойынша шағын зерттеу жүргізіп, мәселе қоюдан бастап деректерді талдау мен ғылыми қорытынды жасауға дейінгі толық зерттеушілік циклді жүзеге асырады.

Студенттердің функционалдық сауаттылық деңгейін бағалау үшін арнайы критерийлер мен индикаторлар жүйесі әзірленді. Бағалау ғылыми сауаттылық, экологиялық ойлау, деректерді талдау және практикалық шешім қабылдау қабілеттерін қамтыды. Диагностикалық құралдар ретінде пәндік тесттер, ашық типтегі тапсырмалар, зерттеу жұмыстары және рефлексиялық сауалнамалар қолданылды.

Зерттеушілік тапсырмалардың орындалу нәтижелері рубрикалар мен дескрипторлар арқылы бағаланды. Бағалау барысында студенттердің есептеу дәлдігі, ғылыми негіздеме келтіруі, деректерді интерпретациялау сапасы және қорытынды жасаудағы логикалық бірізділігі ескерілді.

Зерттеу барысында алынған деректер сандық және сапалық әдістер арқылы өңделді. Сандық деректер студенттердің функционалдық сауаттылық деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштері арқылы салыстырылды. Эксперименттің бастапқы және қорытынды кезеңдеріндегі нәтижелердің динамикасы талданды.

Сапалық деректер студенттердің жазбаша жұмыстары, жобалық тапсырмалары және рефлексиялық жауаптары негізінде контент-талдау әдісі арқылы өңделді. Бұл тәсіл зерттеушілік тапсырмалардың студенттердің ойлау стиліне, экологиялық көзқарасына және оқу мотивациясына әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері химиялық экологияны оқытуда зерттеушілік тапсырмаларды қолданудың студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуға оң әсер ететінін көрсетті. Алынған деректер эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы және қорытынды көрсеткіштерін салыстыру арқылы талданды.

Диагностикалық кезеңде студенттердің функционалдық сауаттылық деңгейі төрт негізгі компонент бойынша анықталды:

1. ғылыми-химиялық сауаттылық;
2. экологиялық ойлау;
3. деректерді талдау және интерпретациялау;
4. практикалық шешім қабылдау қабілеті.

Төменде эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштері ұсынылған.

Кесте 1 - Студенттердің функционалдық сауаттылығының бастапқы деңгейі (%)

Деңгейі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары	18	20
Орта	46	44
Төмен	36	36

Кесте деректерінен көрініп тұрғандай, зерттеу басында екі топтың функционалдық сауаттылық деңгейлері шамалас болды. Студенттердің басым бөлігінде орта және төмен деңгей басымдық танытты. Бұл химиялық білімді нақты экологиялық жағдайларда қолдану дағдыларының жеткіліксіз дамығанын көрсетті.

Қалыптастырушы кезең барысында эксперименттік топта зерттеушілік тапсырмалар жүйелі түрде қолданылды. Нәтижесінде студенттердің оқу әрекетінде айтарлықтай сапалық және сандық өзгерістер байқалды.

Кесте 2 - Қорытынды кезеңдегі функционалдық сауаттылық деңгейі (%)

Деңгейі	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Жоғары	42	24
Орта	44	46
Төмен	14	30

Кесте деректері эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі екі еседен астам артқанын көрсетеді. Сонымен қатар төмен деңгей көрсеткіші 36%-дан 14%-ға дейін төмендеді. Бақылау топта да аздаған оң өзгерістер байқалғанымен, олар айқын динамика көрсетпеді.

Зерттеу нәтижелерін тереңірек талдау мақсатында функционалдық сауаттылықтың әр компоненті бойынша өзгерістер қарастырылды.

Кесте 3 - эксперименттік топтағы компоненттер бойынша орташа көрсеткіштердің өзгерісі көрсетілген.

Компонент	Бастапқы (балл)	Өсім (%)	Қорытынды (балл)	Қаншаға артты
Ғылыми-химиялық сауаттылық	50	24	62.0	+12.0
Экологиялық ойлау	50	28	64.0	+14.0
Деректерді талдау және интерпретациялау	50	31	65.5	+15.5
Практикалық шешім қабылдау	50	34	67.0	+17.0

Диаграмма нәтижелері зерттеушілік тапсырмалардың әсіресе деректермен жұмыс істеу және экологиялық шешім қабылдау дағдыларын дамытуда жоғары тиімділік көрсеткенін дәлелдейді. Бұл тапсырмалар студенттерді нақты экологиялық проблемаларды талдауға және ғылыми негізделген қорытынды жасауға бағыттаған.

Сапалық деректерді талдау барысында эксперименттік топ студенттерінің жазбаша жұмыстарында, зерттеу есептерінде және рефлексиялық жауаптарында бірқатар оң өзгерістер анықталды. Студенттер химиялық экологияға қатысты терминдерді саналы қолдана бастады, экологиялық мәселелерді көпқырлы тұрғыдан қарастырып, себеп-салдарлық байланыстарды негіздей алды.

Студенттердің зерттеушілік дағдыларының қалыптасу деңгейі келесідей:

мәселе қою - 78%

гипотеза ұсыну - 72%

деректерді талдау - 81%

ғылыми қорытынды жасау - 76%

Диаграмма деректері студенттердің зерттеушілік әрекетке бейімделу деңгейінің жоғарылағанын айқын көрсетеді. Әсіресе деректерді талдау және ғылыми қорытынды жасау қабілеттері айтарлықтай жақсарған.

Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру зерттеушілік тапсырмалар қолданылған жағдайда функционалдық сауаттылықтың дамуы жүйелі әрі тұрақты болатынын көрсетті. Эксперименттік топ студенттері экологиялық мәселелерге сыни көзқарас танытып, химиялық білімді өмірлік жағдайларда қолдануға бейімделгенін көрсетті.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері химиялық экологияны оқытуда зерттеушілік тапсырмаларды жүйелі қолдану студенттердің функционалдық сауаттылығын едәуір арттыратынын көрсетті. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі көрсеткіштің 18%-дан 42%-ға дейін өсуі, ал төмен деңгейдің 36%-дан 14%-ға дейін азаюы зерттеушілік тәсілдің тиімділігін дәлелдейді. Бақылау топта өзгерістердің салыстырмалы түрде төмен болуы оқыту үдерісінде белсенді оқу стратегияларының жеткіліксіз қолданылғанын және дәстүрлі әдістердің функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда шектеулі мүмкіндігі бар екенін байқатады. Бұл айырмашылық зерттеушілік тапсырмалардың студенттердің білімді практикалық контексте қолдану қабілетін қалыптастыруға ықпалы жоғары екендігін айқындайды.

Алынған нәтижелер функционалдық сауаттылықтың компоненттері бойынша да біркелкі оң динамиканы көрсетеді. Әсіресе деректерді талдау және интерпретациялау, сондай-ақ практикалық шешім қабылдау қабілеттері айқын артқан. Бұл көрсеткіштердің жоғарылауы химиялық экология пәнінің мазмұнына тән ерекшелікпен түсіндіріледі: пән нақты экологиялық жағдайларға сүйенеді, химиялық ластағыштардың таралуы мен әсерін бағалауды

талап етеді және студенттің теориялық білімін нақты деректермен байланыстыруға мәжбүрлейді. Сондықтан зерттеушілік тапсырмалар дәл осы пән үшін мазмұндық тұрғыдан үйлесімді және әдістемелік тұрғыдан тиімді құралға айналады.

Зерттеушілік тапсырмалардың тиімділігі ең алдымен олардың оқу әрекетін «ақпаратты қабылдаудан» «ақпаратты өндіруге» бағыттауымен түсіндіріледі. Дәстүрлі форматта студент көбіне дайын ақпаратты меңгеріп, оны қайта жаңғыртуға ұмтылады. Ал зерттеушілік тапсырмаларда студент экологиялық мәселені анықтап, болжам ұсынып, дәлел келтіріп, деректерді өңдеп, қорытынды шығарады. Мұндай әрекет оқу үдерісін жоғары когнитивтік деңгейге көтереді және студентті ғылыми ойлау логикасына бейімдейді. Нәтижелердегі «мәселе қою», «гипотеза ұсыну» және «ғылыми қорытынды жасау» дағдыларының қалыптасуы осыны растайды.

Сонымен қатар зерттеушілік тапсырмалар студенттердің экологиялық ойлауын және жауапкершілігін күшейтеді. Экологиялық проблемаларды химиялық тұрғыдан талдау барысында білім алушылар тек «заттың құрамын» немесе «реакция теңдеуін» ғана қарастырмайды, сонымен бірге оның биотаға әсерін, миграциялық жолдарын, биоаккумуляция мүмкіндігін және ұзақ мерзімді салдарын бағалайды. Бұл химиялық білімді әлеуметтік-экологиялық мағынамен толықтырып, студенттердің функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруға жағдай жасайды. Эксперименттік топтағы экологиялық ойлау көрсеткішінің өсімі осы үрдіспен байланысты.

Зерттеуде анықталған маңызды қорытындының бірі - зерттеушілік тапсырмалар оқу мотивациясын арттыруға әсер етеді. Студенттердің рефлексиялық жауаптары олардың тапсырманы орындау барысында оқу мазмұнының өмірмен байланысын тереңірек түсінгенін және пәннің практикалық маңызын сезінгенін көрсетті. Бұл химиялық экологияны оқытуда «себеп-салдарлық байланыстарды» құру, нақты деректермен жұмыс істеу және шешім ұсыну сияқты әрекеттер студентті білімді қолдануға ынталандыратынын байқатады. Яғни зерттеушілік тапсырмалар функционалдық сауаттылықты қалыптастырумен бірге оқу үдерісінің тұлғалық маңызын арттыратын педагогикалық механизм қызметін атқарады.

Дифференциация обучения является необходимым условием эффективной работы современной начальной школы. Она позволяет учитывать индивидуальные особенности детей, способствует развитию их познавательной активности и самостоятельности.

Классификация дифференциации учебных заданий даёт учителю возможность системно подбирать задания разного уровня сложности и направленности, что делает процесс обучения более гибким и результативным.

Следовательно, дифференциация выступает как педагогический принцип, обеспечивающий личностно-ориентированный подход к каждому ученику и создающий условия для его успешного обучения и развития.

Таким образом, проведённый теоретический анализ научно-педагогической литературы показал, что дифференциация обучения младших школьников является одним из ключевых условий повышения качества начального образования в современной школе. Установлено, что учёт индивидуальных, возрастных и психологических особенностей обучающихся способствует формированию устойчивой учебной мотивации, познавательной активности и положительного отношения к учебной деятельности.

Выявлено, что подготовка учебных заданий с учётом дифференциации требует от учителя системной диагностической, проектировочной и аналитической деятельности. Эффективность дифференцированного обучения обеспечивается использованием заданий различного уровня сложности, степени самостоятельности, содержания и темпа выполнения.

Особую практическую значимость имеет разработанная авторская классификация дифференциации учебных заданий младших школьников, основанная на академической

успеваемости, психологических особенностях, учебной мотивации, интересах и здоровьесберегающем принципе. Данная классификация расширяет методические возможности учителя и позволяет гибко выстраивать образовательный процесс с ориентацией на личностное развитие каждого ребёнка.

Заключение

Дифференциация обучения выступает важнейшим педагогическим принципом современной начальной школы, обеспечивающим реализацию личностно-ориентированного подхода в обучении. Подготовка учебных заданий на основе дифференциации позволяет учителю учитывать индивидуальные возможности и образовательные потребности младших школьников, повышая результативность учебного процесса.

Обзорный характер статьи в сочетании с представленной авторской классификацией дифференцированных заданий подчёркивает её научно-практическую значимость. Предложенная система может быть использована в деятельности учителей начальных классов, а также служить основой для дальнейших эмпирических исследований и разработки практико-ориентированных методик дифференцированного обучения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Выготский Л. С. *Педология школьного возраста*. — М.: Педагогика, 1991.
2. Эльконин Д. Б. *Психология обучения младшего школьника*. — М.: Просвещение, 2005.
3. Божович Л. И. *Личность и её формирование в детском возрасте*. — М.: Педагогика, 2008.
4. Давыдов В. В. *Проблемы развивающего обучения*. — М.: Педагогика, 1996.
5. Кузнецова М. И. *Дифференцированное обучение в начальной школе*. — М.: Академия, 2010.
6. Бабанский Ю. К. *Оптимизация процесса обучения*. — М.: Просвещение, 1982.
7. Подласый И. П. *Педагогика: Учебник для студентов педагогических вузов*. — М.: Владос, 2019.
8. Сладёнин В. А. *Педагогика*. — М.: Академия, 2010.
9. Махмутов М. И. *Современный урок: исследование, проектирование, анализ*. — Казань: Магариф, 2007.
10. Пидкасистый П. И. *Психология и педагогика: теория и практика обучения*. — М.: Академия, 2012.
11. Лернер И. Я. *Дидактические основы методов обучения*. — М.: Педагогика, 1981.
12. Ушинский К. Д. *Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии*. — М.: Педагогика, 1988.
13. Дьюи Дж. *Школа и общество*. — М.: Педагогика, 2000.
14. Виноградова Н. Ф. *Методика обучения в начальной школе в условиях реализации ФГОС*. — М.: Академкнига, 2018.
15. Жусип Э. М., Альмухамбетов Б. А., Еркебаева А. Н., 2025]. Жусип Э. М., Альмухамбетов Б. А., Еркебаева А. Н. Функциональная модель формирования УУД младших школьников посредством дифференцированного обучения. — 2025.
16. Утегенова Б. М. *Основы дифференциации преподавания и обучения в современной школе*. — Алматы: Орлеу, 2018.
17. Краснова Е. В. *Дифференцированные подходы в обучении (в условиях обновления содержания образования)*. — Костанай, 2021.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18531388>

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУДАҒЫ НЕЙРОЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ РӨЛІ

РАБХАТ ЖАНЕЛЬ ЖАРАСҚЫЗЫ
ОСПАНОВА ҚАРАҚАТ ЕРЛАНҚЫЗЫ
ОРАЛБАЙ ҮМІТ СӘКЕНҚЫЗЫ

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ
4 курс студенттері

Практика жетекшісі: п.ғ.м., аға оқытушы ДАНАБАЕВА М.А.
Алматы, Қазақстан

Аннотация: *Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту үшін нейрожаттығулар маңызды рөл атқарады. Бұл мақала әдебиеттерге теориялық шолу түрінде жасалған. Онда нейропластика теориясы, когнитивтік даму модельдері (мысалы, Piaget теориясы), физикалық және когнитивтік жаттығулардың рөлі қарастырылады. Нейрожаттығулар логикалық тұжырымдау, мәселелерді шешу және зейінді дамытады. Физикалық белсенділік мидың когнитивті функцияларын күшейтсе, ойындар мен пазлдар нейрондық байланыстарды нығайтады. Әдебиеттерге сүйене отырып, бұл жаттығулардың бастауыш білім берудегі тиімділігі талданады.*

Кілт сөздер: *нейрожаттығулар, логикалық ойлау, бастауыш сынып, нейропластика, когнитивтік даму, Piaget теориясы, физикалық белсенділік, когнитивтік жүктеме.*

Бастауыш сынып (1-4 сыныптар) - баланың когнитивті дамуының ең қарқынды кезеңдерінің бірі. Осы кезеңде мидың нейропластикалық қабілеті жоғары болғандықтан, логикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға ең қолайлы уақыт болып табылады. Логикалық ойлау – үлгілерді тану, себеп-салдар байланыстарын анықтау, мәселелерді талдау және шешу, қисынды тұжырым жасау, болжам құру және дәлелдеу сияқты күрделі когнитивті процестердің жиынтығы. Бұл дағдылардың қалыптасуы баланың математика, тіл, табиғаттанудағы үлгеріміне ғана емес, эмоциялық реттелуіне, әлеуметтік қарым-қатынасына және болашақтағы академиялық әрі кәсіби жетістіктеріне тікелей әсер етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту әдістері (формулаларды жаттау, дайын ережелерді қолдану) көбінесе абстракттілі білім берумен шектеледі. Бірақ бастауыш сынып оқушыларының ойлауы әлі де конкретті-образдық сипатта болғандықтан, олардың логикалық дағдыларын дамыту үшін мидың өзін тікелей ынталандыратын, нейропластиканы белсендіретін әдістер қажет. Осы тұрғыдан нейрожаттығулар (нейрофиднес, brain gym, когнитивті және физикалық-моторлы жаттығулар) ерекше маңызға ие болып отыр. Нейрожаттығулар мидың нейрондық байланыстарын нығайтуға, жұмыс жадысын кеңейтуге, зейінді тұрақтандыруға және логикалық операцияларды (талдау, синтездеу, салыстыру, жіктеу, абстракциялау) автоматтандыруға бағытталған.

Зерттеулер көрсеткендей, тұрақты физикалық белсенділік мидың фронтальдық және префронтальдық аймақтарының қан айналымын жақсартып, executive functions (атқарушы функциялар) - яғни жоспарлау, ингибиция, когнитивті икемділік және логикалық тұжырым жасау қабілеттерін күшейтеді. Ал арнайы когнитивті жаттығулар (пазлдар, үлгі табу ойындары, жады карталары, абакус, Brain Gym элементтері) нейрондық желілердің қалыптасуын тездетеді. Мысалы, абакус және физикалық жаттығулардың үйлесімі бастауыш сынып оқушыларының зейіні мен логикалық ойлауын 20–30%-ға арттыратыны дәлелденген. Сондай-ақ, embodied cognition (дене арқылы таным) теориясына сүйенсек, қимыл-қозғалысқа

негізделген жаттығулар абстрактілі ұғымдарды нақты сезімдік тәжірибеге айналдырады, бұл бастауыш жасқа өте тиімді.

Қазақстанның білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту мәселесі оқу бағдарламаларында және әдістемелік ұсыныстарда жиі айтылады, бірақ нейрожаттығулар сияқты заманауи нейродидактикалық тәсілдер әлі де жеткілікті зерттелмеген және кеңінен қолданылмайды. Осы олқылықты толтыру мақсатында осы мақала әдебиеттерге теориялық шолу түрінде жасалды. Онда нейропластика теориясы, Ж. Пиаже когнитивтік даму кезеңдері, когнитивтік жүктеме теориясы (J. Sweller), қос кодтау теориясы (A. Paivio) және embodied cognition тұжырымдамалары негізге алынады.

Мақаланың негізгі мақсаты - нейрожаттығулардың бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытудағы рөлін теориялық тұрғыдан жүйелеу, олардың тиімділігін әдебиеттер негізінде негіздеу және қазақ тіліндегі білім беру практикасына енгізу мүмкіндіктерін көрсету. Бұл зерттеу мұғалімдерге, психологтарға және ата-аналарға балалардың миын «фитнес» жасайтын қарапайым, қолжетімді әдістерді күнделікті қолдануға негіз болады деп сенеміз.

Теориялық негіздер

Нейрожаттығулардың бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытудағы тиімділігін түсіну үшін бірнеше негізгі теориялық модельдер мен тұжырымдамалар қолданылады. Олар балалардың ойлау процесін, нейропластиканы, когнитивтік дамуды және танымдық механизмдерін сипаттайды. Бұл бөлімде Piaget когнитивтік даму теориясы, нейропластика, embodied cognition, когнитивтік жүктеме теориясы және қос кодтау теориясы толығырақ талданады. Сондай-ақ, Montessori әдістемесі және Vygotsky-дің проксимальдық даму аймағы (Zone of Proximal Development) сияқты қосымша тұжырымдамалар енгізіліп, олардың нейрожаттығулармен байланысы көрсетіледі. Теориялар әдебиеттерге сүйене отырып, бастауыш сынып контекстінде мысалдармен толықтырылды, бұл қазақ білім беру жүйесіндегі қолдану мүмкіндіктерін ескере отырып жасалды.

Piaget когнитивтік даму теориясы

Jean Piaget теориясы бойынша, балалардың когнитивті дамуы төрт кезеңнен тұрады: сенсорлық-моторлық (0-2 жас), преоперациондық (2-7 жас), конкретті операциондық (7-11 жас) және формальді операциондық (11+ жас). Бастауыш сыныптағы балалар негізінен конкретті операциондық кезеңде болады, мұнда олар нақты объектілермен жұмыс істеп, логикалық тұжырымдар жасай бастайды, бірақ абстрактілі ойлау әлі толық қалыптаспаған. Нейрожаттығулар осы кезеңде мидың байланыстарын күшейтеді, мысалы, пазлдар арқылы талдау және синтездеу дағдыларын дамытады. Piaget теориясы нейрожаттығулардың негізін құрайды, өйткені жаттығулар балалардың өз бетінше ашу және қателіктен үйрену принциптеріне сүйенеді. Қазақстандық мектептерде бұл теорияны қолдану арқылы математика және логика сабақтарында ойын элементтерін енгізуге болады, бұл балалардың логикалық ойлауын 15-20% арттырады деп зерттеулер көрсетеді.

Деңгей	Атауы	Бастауыш сыныптағы сипаттамасы	Тапсырма мысалы (1-4 сынып)
2-7 жас	Преоперациондық	Символдық ойлау, бірақ логикалық тұжырымдар әлсіз; эгоцентризм басым	Үлгілерді тану ойындары (мысалы, суреттерді топтау)
7-11 жас	Конкретті операциондық	Логикалық тұжырым, салыстыру, жіктеу; нақты объектілермен жұмыс	Пазлдар шешу немесе «Егер... онда...» сұрақтары (мысалы, «Егер жаңбыр жауса, не болады?»)

Кесте-1. Piaget когнитивтік даму деңгейлері (бастауыш сыныпқа бейімделген) Нейропластика және embodied cognition

Нейропластика – мидың өзгеру және бейімделу қабілеті, ол балалық шақта ең жоғары деңгейде болады. Физикалық жаттығулар (жүгіру, спорт ойындары) мидың фронтальдық бөлігін ынталандырып, логикалық талдау және мәселелерді шешу аймақтарын күшейтеді. Embodied cognition теориясы бойынша, таным тек мида ғана емес, дене қимылдары және сенсорлық тәжірибе арқылы қалыптасады. Мысалы, Montessori әдістемесінде қолданылатын манипулятивті материалдар (абакус, геометриялық пішіндер) балалардың логикалық-математикалық интеллектін дамытады, өйткені олар физикалық әрекет арқылы абстрактілі ұғымдарды түсінеді. Зерттеулер көрсеткендей, embodied жаттығулар балалардың эмоционалдық реттелуін және конфликттерді шешу қабілетін жақсартады, бұл логикалық ойлаудың маңызды бөлігі. Қазақ білім жүйесінде бұл теорияны қолдану үшін қарапайым құралдар (қағаз, қарындаш, спорттық ойындар) жеткілікті, ал цифрлық құралдар (GeoGebra, Tinkercad) қосымша визуалды қолдау береді.



Сурет-1.

Нейрожаттығу түрі	Мақсаты мен әсері	Теориялық негіз және мысал
Физикалық белсенділік (жүгіру, спорт ойындары, Brain Gym элементтері)	Мидың қан айналымын жақсарту, зейінді және эмоционалдық реттелуді күшейту	Нейропластика және embodied cognition; мысалы, Shuttle Run Test немесе қол қимылдарымен үлгілер құрау
Когнитивті ойындар (пазлдар, Sudoku, жады карталары)	Логикалық тұжырымдауды, үлгілерді тану және мәселелерді шешуді дамыту	Piaget теориясы және cognitive stimulation; мысалы, Jigsaw puzzles немесе memory card games, зейінді 25% арттырады
Жады және байқағыштық жаттығулары (үлгі табу, риддлдер)	Есте сақтауды және байланыстыруды жақсарту, креативті ойлауды ынталандыру	Critical thinking models; мысалы, brain teasers немесе «Не өзгереді?» сұрақтары

Кесте-2. Нейрожаттығулар түрлері

Когнитивтік жүктеме теориясы (Cognitive Load Theory – Sweller)

John Sweller ұсынған бұл теория жұмыс жадысының шектеулі екенін (әдетте 4–7 элемент) ескереді. Нейрожаттығуларда жүктеме үш түрге бөлінеді: ішкі (ұғымның күрделілігі), сыртқы (материалдың ұйымдастырылуы) және тиімді (түсінуге жұмсалатын күш). Нейрожаттығулар сыртқы жүктемені азайтып (мысалы, визуалды ойындар арқылы), тиімді жүктемені арттырады (логикалық байланыстар құру арқылы). Бастауыш сыныпта бұл теорияны қолдану арқылы тапсырмаларды қадамдық етіп беру (worked examples) балалардың логикалық ойлауын жеңілдетеді, әсіресе STEM жобаларында (кодинг, робототехника).

Қос кодтау теориясы (Dual Coding Theory – Paivio, Mayer қолдануы)

Allan Paivio теориясы бойынша, ақпаратты вербалды (сөздер) және визуалды (суреттер) екі арна арқылы өңдеу тиімдірек. Нейрожаттығуларда бұл теория визуалды және вербалды элементтерді біріктіреді, мысалы, GeoGebra бағдарламасында логикалық тапсырмаларды орындау арқылы абстрактілі ұғымдарды (ұқсастық, себеп-салдар) түсінуді жеңілдетеді. Richard Mayer мультимедиялық оқытуға баса назар аударады, бұл бастауыш сыныпта ойындар арқылы логикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Қазақстандық контекстте қазақ тіліндегі визуалды материалдарды (суреттер, анимациялар) қолдану балалардың түсіну деңгейін 30% арттырады.

Қосымша тұжырымдамалар: Vygotsky және Montessori

Lev Vygotsky-дің проксимальдық даму аймағы теориясы бойынша, балалардың дамуы әлеуметтік өзара әрекет және қолдау арқылы жүреді. Нейрожаттығуларды топтық ойындар арқылы қолдану (мысалы, дебаттар немесе кооперативті пазлдар) логикалық ойлауды күшейтеді, өйткені балалар бір-бірінен үйренеді. Maria Montessori әдістемесі логикалық-математикалық интеллектке баса назар аударады, мұнда өз бетінше жұмыс істеу және қателіктен үйрену принциптері нейрожаттығулардың негізі болып табылады. Мысалы, Montessori материалдары (үлгілер, пішіндер) балалардың үлгілерді тану және талдау қабілетін дамытады, бұл дәстүрлі сабақтардан тиімдірек.

Бағыт	Негізгі теория / модель	Логикалық ойлауға әсері	Бастауыш білімдегі маңызы және қолдану
Физикалық	Нейропластика және embodied cognition	Ми байланыстарының нығаюы, эмоционалдық реттелу	Оқу үлгеріміне оң әсер; қазақ мектептерінде спорт ойындарын енгізу
Когнитивтік	Piaget және Vygotsky	Логикалық тұжырым, әлеуметтік даму	Мәселелерді шешу дағдылары; топтық жаттығулар арқылы
Визуалды	Dual coding және Montessori	Түсінуді жеңілдету, үлгілерді тану	Ойындар және визуалды құралдар (GeoGebra); креативті ойлауды дамыту
Жүктеме менеджменті	Cognitive load	Жадының тиімді пайдалануы	Қадамдық тапсырмалар; сыртқы жүктемені азайту

Кесте-3. Негізгі теориялық тұжырымдар

Қорытынды

Әдебиеттерге жүргізілген теориялық шолу және зерттеулердің талдауы көрсеткендей, нейрожаттығулар бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуда маңызды және тиімді құрал болып табылады. Нейропластиканың жоғары деңгейі, Piaget-тің конкретті операциялық кезеңі, embodied cognition теориясы, когнитивтік жүктеме теориясы және қос кодтау теориясы сияқты негізгі тұжырымдамаларға сүйене отырып, нейрожаттығулар мидың нейрондық байланыстарын нығайтып, зейінді, жұмыс жадысын, үлгілерді тану қабілетін, себеп-салдар байланыстарын түсінуді және логикалық тұжырым жасау дағдыларын айтарлықтай күшейтеді. Физикалық белсенділік (спорт ойындары, Brain Gym элементтері, жүгіру) мидың фронтальдық және префронтальдық аймақтарының қан айналымын жақсартып, executive functions-ты (атқарушы функцияларды) дамытады, бұл балалардың мәселелерді шешу және шешім қабылдау қабілетін арттырады. Когнитивті жаттығулар (пазлдар, жады ойындары, абакус, үлгі табу тапсырмалары) Piaget теориясына сәйкес нақты операцияларды автоматтандырады, ал визуалды және embodied элементтер (GeoGebra, манипулятивті материалдар) түсінуді жеңілдетіп, сыртқы жүктемені азайтады. Зерттеулердің нәтижелері бойынша, мұндай жаттығулардың тұрақты қолданылуы балалардың когнитивті функцияларын 20–30%-ға жақсартады, зейінді тұрақтандырады және академиялық үлгерімге оң әсер етеді.

Қазақстанның білім беру жүйесінде нейрожаттығулар әлі де жеткілікті зерттелмеген және кеңінен енгізілмеген болғанымен, қолжетімді құралдар (қағаз, қарындаш, қарапайым спорттық ойындар, тегін GeoGebra нұсқасы, абакус) арқылы да тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады. Бұл әдістер дәстүрлі оқытумен үйлескенде, балалардың логикалық ойлауын тереңдетіп, шығармашылық, сыни талдау және проблемаларды шешу қабілеттерін қалыптастырады – бұл қазіргі заманғы білім беру мен STEM бағыттарының негізгі мақсаттарына сәйкес келеді.

Мұғалімдер мен ата-аналарға ұсыныс: күнделікті сабақтарға және үй тапсырмаларына нейрожаттығуларды жүйелі түрде енгізу – мысалы, сабақтың басында 5–10 минуттық физикалық-моторлы жаттығулар, логикалық ойындар немесе пазлдар. Болашақта қазақ тіліндегі білім беру жүйесінде мына бағыттар бойынша жұмыс істеу қажет:

Оқулықтар мен дидактикалық материалдарға нейрожаттығуларға негізделген тапсырмаларды енгізу;

Мұғалімдерді нейродидактика және embodied cognition бойынша оқыту;

Цифрлық құралдардың (GeoGebra, Tinkercad, қазақ интерфейсті ойын платформалары) қолжетімділігін арттыру;

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді эмпирикалық зерттеулер жүргізу.

Осы теориялық негіздер мен зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, нейрожаттығуларды кеңінен қолдану бастауыш білім берудің сапасын арттырып, балалардың миын «фитнес» жасай отырып, олардың болашақтағы табысты дамуының берік негізін қалайды. Бұл – тек білім беру ғана емес, сонымен қатар баланың толыққанды тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған маңызды қадам.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. НЕЙРОЖАТТЫҒУЛАР. (n.d.). Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Bulletin of Pedagogy. <https://bulletinpedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/download/4228/1104/11014>
2. Neuroexercises As A Means Of Developing Cognitive Abilities In Children Of Primary School Age. (n.d.). Genius Journals.
3. The Role of the Abacus and Physical Exercise in the Cognitive Development of Students in Primary Education. (2025). MDPI.
4. The intervention of Brain Gym in the mathematical abilities... (2023). PubMed Central.
5. Development of neuro-didactic content aimed at developing the intelligence of younger schoolchildren. (2025). Frontiers.
6. How Does Exercise Impact a Child's Developing Brain? (2024). Kennedy Krieger Institute.
7. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту. (n.d.). Daryn.online.
8. Нейрожаттығулар арқылы мәтіндерді түсінуге жаттығулар. (n.d.). Begemot.ai.
9. Brain gym activities for kids. (Various years). YouTube & BrainGymJr.
10. The mediating role of neurocognitive functions... (2023). ScienceDirect.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18531518>

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КҮЙЗЕЛІСКЕ ТӨЗІМДІЛІГІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ТРЕНИНГ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

АДИЛОВА АРАЙЛЫМ БЕРІКҚЫЗЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
«Педагогика. Білім берудегі менеджмент» 2-курс магистранты

***Аңдатпа:** Бұл мақалада мұғалімдердің кәсіби қызметі барысында жиі кездесетін психоэмоционалдық жүктемелер мен күйзеліс факторлары қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – мұғалімдердің күйзеліске төзімділігін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық бағдарлама аясында ұйымдастырылған тренинг жұмысының тиімділігін анықтау. Зерттеу барысында диагностикалық әдістемелер, бақылау, сауалнама және салыстырмалы талдау тәсілдері қолданылды. Экспериментке жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері қатыстырылып, бастапқы және қорытынды өлшем нәтижелері салыстырылды. Нәтижелер мұғалімдердің эмоционалдық тұрақтылығының артқанын, стресс деңгейінің төмендегенін және кәсіби күйіп кету белгілерінің азайғанын көрсетті. Алынған деректер ұсынылған психологиялық-педагогикалық бағдарламаның тиімді екенін дәлелдейді және оны педагогтердің кәсіби дамуын қолдау жүйесінде қолдануға болатынын негіздейді.*

***Тірек сөздер:** мұғалімдердің күйзеліске төзімділігі, стресс, психологиялық-педагогикалық бағдарлама, тренинг, кәсіби күйіп кету, эмоционалдық тұрақтылық*

Қазіргі білім беру жүйесінде мұғалімнің кәсіби қызметі жоғары жауапкершілікпен, қарқынды жұмыс ырғағымен және тұрақты психоэмоционалдық жүктемеммен сипатталады. Білім беру мазмұнының жаңаруы, оқыту үдерісіне қойылатын талаптардың артуы, цифрлық технологиялардың кеңінен енгізілуі және әлеуметтік факторлар педагогтердің күйзеліс деңгейінің өсуіне әсер етуде. Осы жағдайлар мұғалімдердің эмоционалдық тұрақтылығына кері ықпал жасап, кәсіби күйіп кету қаупін арттырады. Күйзеліс жағдайында ұзақ уақыт жұмыс істеу мұғалімнің кәсіби тиімділігінің төмендеуіне, мотивациясының әлсіреуіне және психологиялық денсаулығының бұзылуына алып келуі мүмкін[1]. Сондықтан мұғалімдердің күйзеліске төзімділігін дамыту қазіргі педагогика мен психология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ғылыми зерттеулерде күйзеліске төзімділік тұлғаның қиын жағдайларда өзін-өзі реттей алу қабілеті, эмоцияларын басқаруы және кәсіби қызметте психологиялық тепе-теңдікті сақтауы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда мұғалімдерге арналған арнайы психологиялық-педагогикалық бағдарламалар мен тренингтер олардың кәсіби әлеуетін сақтауға және дамытуға мүмкіндік береді. Осы зерттеудің өзектілігі мұғалімдердің күйзеліске төзімділігін арттыруға бағытталған тренинг жұмысының тиімділігін тәжірибелік тұрғыда дәлелдеу қажеттілігімен айқындалады. Мақаланың мақсаты – психологиялық-педагогикалық бағдарлама аясында ұйымдастырылған тренингтің мұғалімдердің эмоционалдық жағдайына, стресс деңгейіне және кәсіби тұрақтылығына әсерін талдау.

Қазіргі педагогикалық психологияда күйзеліс мұғалімнің кәсіби қызметіне тікелей әсер ететін негізгі психологиялық факторлардың бірі ретінде қарастырылады[2]. Мұғалім мамандығы үнемі эмоционалдық қарым-қатынасты, жоғары жауапкершілікті және психологиялық икемділікті талап етеді. Осыған байланысты педагогтердің күйзеліске төзімділігі олардың кәсіби тиімділігін сақтаудың маңызды шарты болып табылады. Күйзеліске төзімділік тұлғаның қиын өмірлік және кәсіби жағдайларда ішкі ресурстарын тиімді пайдалана отырып, эмоциялық тепе-теңдікті сақтай алу қабілеті ретінде сипатталады.

Ғылыми еңбектерде бұл ұғым стресс факторларына қарсы тұра білу, өзін-өзі реттеу, эмоционалдық тұрақтылық және бейімделу дағдыларымен тығыз байланыста қарастырылады. Мұғалімдерде күйзеліске төзімділіктің төмен болуы кәсіби күйіп кету синдромының пайда болуына, мотивацияның төмендеуіне және педагогикалық қызмет сапасының нашарлауына алып келеді. Осы тұрғыда мұғалімдердің психологиялық саулығын қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық бағдарламалар маңызды рөл атқарады. Мұндай бағдарламалар мұғалімдердің эмоционалдық күйін реттеуге, стресс жағдайларымен тиімді күресуіне және кәсіби қызметке оң көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді[3].

Зерттеу аясында мұғалімдердің күйзеліске төзімділігін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық бағдарлама әзірленіп, тәжірибеде қолданылды. Бағдарлама мазмұны мұғалімдердің кәсіби ерекшеліктерін, жұмыс жүктемесін және психоэмоционалдық жағдайын ескере отырып құрылды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – мұғалімдердің күйзеліске төзімділігін арттыру, эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту және кәсіби күйіп кетудің алдын алу. Осы мақсатқа жету үшін тренингтік сабақтар жүйесі ұйымдастырылды. Тренинг құрылымы теориялық және практикалық бөлімдерден тұрды. Теориялық бөлімде мұғалімдерге күйзелістің пайда болу себептері, оның психологиялық және физиологиялық көріністері, сондай-ақ стресс жағдайындағы мінез-құлық ерекшеліктері туралы ақпарат берілді[4]. Практикалық бөлімде релаксациялық жаттығулар, тыныс алу техникасы, өзін-өзі тану және эмоцияларды басқаруға арналған психологиялық жаттығулар қолданылды. Сонымен қатар тренинг барысында топтық талқылаулар, рөлдік ойындар және рефлексиялық тапсырмалар ұйымдастырылды. Бұл әдістер мұғалімдердің өз тәжірибесін саралап, кәсіби қиындықтарды бірлесіп шешу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.



1-сурет. Мұғалімдермен өткізілген тренинг барысы.

Зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері арасында жүргізілді. Экспериментке қатысушылардың психологиялық жағдайын анықтау үшін бастапқы және қорытынды диагностикалау жүргізілді. Диагностикалық кезеңде мұғалімдердің күйзеліске төзімділік деңгейін, эмоционалдық күйін және стресс деңгейін анықтауға арналған психологиялық сауалнамалар қолданылды. Сонымен қатар бақылау және әңгімелесу әдістері арқылы қатысушылардың тренинг барысындағы белсенділігі мен эмоционалдық реакциялары талданды.

1-кесте. Мұғалімдердің күйзеліске төзімділігін дамытуға арналған тренинг барысында орындалған әрекеттер

№	Тренинг кезеңі	Орындалған әрекеттер	Қолданылған әдіс-тәсілдер	Күтілетін нәтиже
1	Кіріспе кезең	Қатысушылармен танысу, тренинг ережелерін белгілеу, психологиялық ахуал қалыптастыру	Танысу жаттығулары, «Шеңберде танысу», кері байланыс	Қатысушылар арасында сенімді атмосфера қалыптастыру

2	Диагностикалық кезең	Мұғалімдердің бастапқы психоэмоционалдық жағдайын анықтау	Сауалнама, өзін-өзі бағалау парақтары	Күйзеліс деңгейін анықтау
3	Ақпараттық кезең	Күйзеліс және оның кәсіби қызметке әсері туралы түсіндіру	Мини-дәріс, пікірталас	Күйзеліс туралы түсінікті кеңейту
4	Практикалық кезең	Эмоцияларды басқаруға арналған жаттығулар орындау	Релаксация, тыныс алу техникасы, визуализация	Эмоционалдық тұрақтылықты дамыту
5	Топтық жұмыс	Кәсіби қиын жағдайларды талдау	Рөлдік ойындар, жағдайлық тапсырмалар	Стресті жағдайларда дұрыс әрекет ету дағдысын қалыптастыру
6	Өзін-өзі тану кезеңі	Жеке ресурстарды анықтау, ішкі күйді саралау	Рефлексия, арт-терапиялық жаттығулар	Өзін-өзі тану және сенімділікті арттыру
7	Қорытынды кезең	Тренинг нәтижелерін талқылау, кері байланыс алу	Ашық сұхбат, рефлексия парағы	Эмоционалдық күйді тұрақтандыру
8	Бекіту кезеңі	Үй тапсырмасы, өзіндік жұмысқа бағыттау	Өзін-өзі реттеу тапсырмалары	Алынған дағдыларды күнделікті өмірде қолдану

Мұғалімдерден алынған бастапқы сауалнама сұрақтары:

1. Жұмыс барысында өзіңізді жиі шаршаған және әлсіреген күйде сезінесіз бе?
2. Сабақтан кейін эмоционалдық тұрғыда қалжырайсыз ба?
3. Кәсіби міндеттерді орындау кезінде күйзеліс сезімі пайда бола ма?
4. Стресті жағдайларда өз эмоцияңызды басқару қиынға соға ма?
5. Жұмысқа деген қызығушылығыңыздың төмендегенін байқайсыз ба?
6. Оқушылармен немесе әріптестермен қарым-қатынаста ашуланшақтық байқала ма?
7. Жұмыстан кейін демалуға күш-қуатыңыз жетпей қалатын жағдайлар бола ма?
8. Кәсіби қызметіңізде өзіңізді сенімсіз сезінетін кездеріңіз бола ма?

2-кесте. Мұғалімдердің бастапқы диагностика сауалнамасы бойынша алынған нәтижелер

№	Сұрақ мазмұны	Жиі (%)	Кейде (%)	Сирек (%)
1	Жұмыс барысында шаршауды сезіну	48	34	18
2	Эмоционалдық қалжырау	44	36	20
3	Күйзеліс сезімінің пайда болуы	46	32	22
4	Эмоцияны басқарудың	41	39	20

	қиындығы			
5	Жұмысқа қызығушылықтың төмендеуі	38	42	20
6	Ашуланшақтықтың байқалуы	35	45	20
7	Демалуға күштің жетіспеуі	50	30	20
8	Өзіне деген сенімсіздік	33	41	26

Эксперименттік жұмыс бірнеше кезеңнен тұрды: бастапқы диагностика, тренингтік сабақтарды өткізу және қорытынды диагностика. Әр кезеңде алынған нәтижелер салыстырмалы талдау әдісі арқылы өңделді. Бұл әдіс тренинг жұмысының тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

3-кесте. Мұғалімдердің күйзеліске төзімділік деңгейінің бастапқы және қорытынды диагностика нәтижелері

Көрсеткіштер	Диагностика кезеңі	Жоғары деңгей (%)	Орташа деңгей (%)	Төмен деңгей (%)
Күйзеліске төзімділік деңгейі	Бастапқы	18	42	40
	Қорытынды	36	48	16
Эмоционалдық тұрақтылық	Бастапқы	22	40	38
	Қорытынды	44	42	14
Стресс деңгейі	Бастапқы	46	34	20
	Қорытынды	18	46	36
Кәсіби күйіп кету белгілері	Бастапқы	41	37	22
	Қорытынды	19	43	38

3-кесте деректері мұғалімдердің күйзеліске төзімділігін дамытуға арналған психологиялық-педагогикалық бағдарлама аясында ұйымдастырылған тренинг жұмысының оң нәтижелерін көрсетеді. Қорытынды диагностика нәтижелері бойынша күйзеліске төзімділігі жоғары деңгейдегі мұғалімдер саны артқаны, ал төмен деңгейдегі көрсеткіштердің айтарлықтай азайғаны байқалады. Сонымен қатар эмоционалдық тұрақтылықтың жоғарылауы және стресс деңгейінің төмендеуі тренингтік жұмыстардың тиімді ұйымдастырылғанын дәлелдейді.

Кәсіби күйіп кету белгілерінің төмендеуі мұғалімдердің психологиялық жағдайының жақсарғанын және кәсіби қызметке бейімделу деңгейінің артқанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері психологиялық-педагогикалық бағдарлама аясында ұйымдастырылған тренинг жұмысының мұғалімдердің күйзеліске төзімділігін арттыруда оң әсер бергенін көрсетті. Қорытынды диагностика нәтижелері бойынша мұғалімдердің стресс деңгейінің төмендегені, эмоционалдық тұрақтылығының артқаны анықталды. Салыстырмалы талдау мұғалімдердің өз эмоцияларын басқару дағдыларының дамығанын және қиын кәсіби жағдайларға бейімделу қабілетінің артқанын көрсетті. Сонымен қатар қатысушыларда кәсіби күйіп кету белгілерінің азайғаны байқалды. Тренинг барысында мұғалімдердің өзара қарым-қатынасы нығайып, кәсіби қиындықтарды бірлесе талқылау арқылы психологиялық қолдау көрсету дағдылары қалыптасты. Бұл факторлар педагогтердің жалпы психологиялық ахуалының жақсаруына ықпал етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Алматы: 2014. – 360 б.
2. Абдырова Г. К. Педагогикалық психология. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 312 б.
3. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. Педагогика. Алматы: Рауан, 2015. – 384 б.
4. Смағұлова Г. Қ. Мұғалімнің кәсіби дамуы және психологиялық даярлығы. Алматы: Білім, 2017. – 280 б.
5. Төлеубекова Р. К. Білім берудегі психологиялық қолдау технологиялары. Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 296 б.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18531869>

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТҮСІНІКТЕР МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

БАЙСАПАР Қ.Қ.

С.Аманжолов атындағы ШҚУ магистранты

ЖЕНСИКБАЕВА Н.Ж.

С.Аманжолов атындағы ШҚУ экология және география кафедрасының профессоры

АЙТКОЖИНА С.К.

С.Аманжолов атындағы ШҚУ экология және география кафедрасының сениор-лекторы
Өскемен, Қазақстан

Аннотация: Мақалада география сабағында экономикалық-географиялық түсініктер мен заңдылықтарды қалыптастырудың теориялық және әдістемелік аспектілері қарастырылады. Зерттеу 7–9 сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламасы мен «Қазақстан географиясы» курсының оқу-әдістемелік кешенін талдау негізінде жүргізілді. Экономикалық-географиялық білімді меңгерту спиральді оқыту қағидаты, критериалды бағалау талаптары және жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес жүзеге асатыны көрсетілді. Мақалада оқушылардың жас ерекшеліктерін, дербес және шығармашылық қызметін ескере отырып ұғымдарды кезең-кезеңімен қалыптастырудың тиімділігі дәлелденеді. Сонымен қатар, әлеуметтік-географиялық ұғымдар мен экономикалық және әлеуметтік заңдылықтардың ерекшеліктері жетекші географ ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып ашылады. Нәтижесінде ұсынылған тәсіл негізгі мектепте географиялық білімнің тұжырымдамалық негіздерін қалыптастыруға және кейінгі курс деңгейінде білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: география сабағы, экономикалық-географиялық ұғымдар, заңдылықтар, спиральді оқыту, критериалды бағалау, негізгі мектеп, оқу-әдістемелік кешен, Қазақстан географиясы, педагогикалық әдістеме.

Заңдар мен заңдылықтарды талдау кез келген ғылым саласы үшін, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық география үшін де іргелі маңызға ие. Қоршаған орта мен қоғамның өзара байланысын ұғыну, себеп-салдарлық тәуелділіктерді айқындау экономикалық және географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды зерттеу әдістерін саналы түрде меңгеруді талап етеді.

Танымдық іс-әрекет барысында білім алушыларда ойлаудың белгілі бір типі қалыптасып, шынайы болмыстың жалпыланған бейнесі жасалады. Шынайы білім – адамның санасында объективті ақиқаттың дәл бейнесін қалыптастыратын танымдық қызметтің нәтижесі.

Практикада білім алушыларда көбіне сөздік-логикалық ойлау басым дамиды да, көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелік ойлау екінші қатарға ығыстырылады. Ал тұтас ойлау логикалық ойлаумен қатар қиял мен түйсіктің дамуын қамтамасыз етіп, ойлау үдерісінің кешенділігін күшейтеді, бұл географиялық ойлаудың қалыптасуына тікелей әсер етеді. Географиялық ойлау – жалпы географиялық мәдениеттің нәтижесі және оның ерекшелігі көпқырлылығында, себебі ол жекелеген элементпен немесе бір ғана сала шеңберімен шектелмейді [1].

Қазіргі географиялық ойлау кешенділік, аумақтылық және нақтылық сипаттарын «үштұғырлы» ұстаным арқылы түсіндіреді және оны әлемнің тұтастығы мен жүйелілігі, интегралдылық, экологиялық ойлау, жаһандану қағидаларымен толықтырады. Сонымен бірге,

жергілікті, өңірлік, ұлттық, құрлықтық және аймақтық деңгейлердегі мәселелерді жаһандық үдерістермен сабақтастыра қарастыру қажеттілігі ескеріледі.

Н.Н. Баранский географиялық ойлаудың іргетасын аумақтық және кешенділік ұғымдарымен байланыстырды. Ол географиялық ойлау кеңістіктік парадигмамен өзара тығыз байланыста дамитынын көрсете отырып, салалық және аумақтық тәсілдерді кешенді-аумақтық тұрғыда түсіндірді: салаларды нақты елдер мен аймақтар шеңберіндегі өзара байланысқан жүйе ретінде, ал аумақтарды табиғи жағдайлар мен ресурстарға негізделген салалар жиынтығы ретінде қарастырды. Ғалым географиялық талдаулар мен қорытындылардың дәлдігі арнайы әдістер арқылы айқындалатынын атап өтті, себебі кәсіпорындардың орналасуы мен қызмет ету мүмкіндіктері халықтың тығыздығы мен аумақтық ерекшеліктеріне қарай өзгереді. Географияның өзге ғылымдардан айырмашылығы – табиғи, экономикалық және әлеуметтік үдерістерді нақты жергілікті өмір жағдайларымен сабақтастыра зерттеуінде. Баранскийден кейін аумақтық көзқарас географиялық ойлаудың негізгі өзегіне айналды. Аймақтық дамуды талдауда аумақтық фактор: 1) ресурстар мен жағдайлардың тасымалдаушысы; 2) экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, мәдени, саяси-ұлттық және басқа да функцияларды атқарушы; 3) объектілердің орналасу заңдылықтарын айқындайтын кеңістіктің ерекше қасиеті ретінде қарастырылады [2].


Географиялық заңдылықтарды зерттеу мәселелерін талдау олардың иерархиялық ұйымдасуын анықтауға жол ашады. Қазіргі географияда зерттеудің тұтас объектісі ретінде табиғи және әлеуметтік құрамдастарды біріктіретін, әртүрлі деңгейде ұйымдасқан интегралды геожүйелер жүйесі болып табылатын географиялық кеңістік қарастырылады, сондықтан ең жоғары деңгейдегі заңдылықтардың әрекет етуі дәл осы геожүйелік сатыда заңды құбылыс саналады.

А.Н. Ласточкиннің пайымдауынша, «ұқсас типтегі» заңдылықтардың қалыптасуы табиғат пен қоғамның ортақ кеңістікте дамуы және бұл кеңістікке планетарлық әрі астрономиялық сыртқы факторлардың бірдей әсер етуімен түсіндіріледі [3].

Иерархияның келесі деңгейі табиғат пен қоғамның өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасады, бұл өзара байланыс геоэкология және табиғатты пайдалану саласы зерттеушілерінің пікірінше, шешуші мәнге ие [4]. Ал иерархияның төменгі сатысын табиғат пен қоғамда жекелеген элементтер деңгейінде байқалатын географиялық заңдылықтар құрайды. Осы деңгейде табиғи және әлеуметтік аумақтық жүйелерге тән нақты геожүйелік қасиеттер қалыптаса бастайды. Осы тұрғыдан алғанда, арнайы географиялық заңдылықтар белгілі бір жүйе типтеріне ғана тән болып, олардың әрекет ету аясы жекелеген геожүйелер шеңберімен шектеледі, алайда аумақты нақты қызмет түрлері бойынша ұйымдастыруды талдауда маңызды рөл атқарады.

Географиялық заңдылықтардың иерархиялық бағыныштылығы туралы тұжырымдаманы Л.Ю. Мажар негіздеген [5] (1-сурет). Бұл иерархиялық модель аумақтық жүйелердің дамуы тек өз деңгейіне тән заңдылықтармен шектелмей, сонымен қатар жоғары деңгейдегі заңдылықтардың әсерімен айқындалатынын көрсетеді, осылайша геожүйелік тәсілдің мазмұнын ашады.

Әлеуметтік география тұрғысынан үшінші және төртінші деңгейдегі заңдылықтар ерекше мәнге ие: үшінші деңгейде қоғамның кеңістіктік ұйымдасуының жалпы, іргелі заңдылықтары қарастырылса, төртінші деңгейде адамдардың жекелеген қызмет салалары үшін практикалық маңызы бар нақты типтегі аумақтық жүйелерді кеңістікте ұйымдастырудың арнайы заңдылықтары зерттеледі.



Сурет 1 -Географиялық заңдылықтардың иерархиясы [5]

Географиялық заңдылықтардың аталған иерархиялық жүйесі аумақтық жүйелердің эволюциясы тек өзіне тән деңгейлік заңдылықтармен ғана емес, сонымен қатар иерархияда жоғары орналасқан заңдылықтардың ықпалымен де айқындалатынын көрсетеді. Бұл қағида геожүйелік тәсілдің теориялық мәнін нақтылай түседі.

Әлеуметтік географияда үшінші және төртінші деңгейдегі заңдылықтар ерекше маңызға ие: үшінші деңгейде қоғамның кеңістіктік ұйымдасуын айқындайтын негізгі, жалпылама заңдылықтар талданса, төртінші деңгейде адам қызметінің нақты салалары үшін практикалық мәні бар аумақтық жүйелерді кеңістікте ұйымдастырудың нақты заңдылықтары зерттеледі.

Осы тұрғыда жинақталған ғылыми тәжірибе мен айқындалған заңдылықтар аумақтық әлеуметтік жүйелердің мазмұнын терең зерделеуге негіз болады. Ең алдымен, олардың қалыптасуы жоғары иерархиялық деңгейдегі географиялық заңдылықтарға, атап айтқанда кеңістіктік шоғырлану (агломерация), аумақтық еңбек бөлінісі, аумақтық дифференциация және өзге де үдерістерге сүйенеді.

Экономика мен қоғамның аумақтық ұйымдасуын айқындайтын экономикалық заңдар аумақтық жүйелердің тікелей қалыптасуын міндеттемейді, алайда кеңістікте элементтердің орналасу үдерістерін реттеп, интегралды жүйелердің қалыптасуына объективті алғышарттар жасайды. Аумақтық-әлеуметтік жүйелердің даму деңгейі экономиканың даму ерекшеліктерін және қоғамның жалпы жетілу дәрежесін сипаттайды.

Осы тұрғыдан алғанда, география ғылымында объективті заңдардың логикалық тұрғыдан негізделген жүйесін құруға ұмтылыс эмпирикалық деңгейден географиялық кеңістікті теориялық тұрғыда түсіндіруге көшу үдерісін білдіреді. Заңдылықтарды танудағы қиындықтар көбіне білімнің жеткіліксіздігімен түсіндірілгенімен, бұл олардың объективті түрде өмір сүруін жоққа шығармайды; керісінше, заңдар мен заңдылықтардың болуы ғылымның кемелденгенін көрсетеді. Сондықтан географиялық ғылымның дамуы барысында бұл мәселеге басымдық беру қажет, ал оқу үдерісінде қоғамның кеңістіктік ұйымдасу заңдылықтарын зерделеу маңызды теориялық әрі қолданбалы мәнге ие.

Қазіргі кезеңде қоғамның кеңістіктік және аумақтық ұйымдасу мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Кең мағынада қоғамның аумақтық ұйымдастырылуы еңбектің географиялық бөлінісін, өндіргіш күштердің орналасуын, халықтың қоныстану жүйесін, қоғам мен табиғаттың өзара байланысын, аймақтық әлеуметтік-экономикалық саясатты және өзге де өзара сабақтас үдерістерді қамтиды [6].

«Экономикалық география» бөлімінде қарастырылатын ұғымдардың мазмұны мемлекеттерге, аймақтарға, елді мекендерге және өндіріс салаларына берілетін экономикалық-географиялық сипаттамалар арқылы айқындалады. Н.Н.Баранскийдің тұжырымдауынша, сипаттау барысында белгілі бір елді немесе ауданды өзгелерден ерекшелендіретін ең мәнді белгілер іріктеліп, олар өзара байланысқан жүйе құрайды, ал сол жүйеде жетекші, түйінді элементтер анықталады.

Елдер мен аудандарды сипаттауға қойылатын бұл талаптар мектеп географиясындағы экономикалық география бөлімдерінде экономикалық-географиялық ұғымдардың тұтас мазмұнын ашудың теориялық негізін қалыптастырады. Экономикалық-географиялық ұғымдарды қалыптастыру үдерісі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, әдетте үш негізгі кезеңнен тұрады.

Бірінші, кіріспе кезеңде оқушылар мемлекет (аудан) туралы бастапқы жалпылама мәліметтермен танысады: аумақ көлемі мен халық саны, табиғи және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілу деңгейі, халық шаруашылығының даму дәрежесі және негізгі мамандануы тұрғысынан басқа елдермен (аудандармен) салыстырғандағы орны. Бұл кезең мемлекетті (ауданды) жалпы тұрғыда таныстыруға және оны зерттеуге қызығушылық қалыптастыруға бағытталады.

Екінші кезеңде осы компоненттердің өзара байланысы мен өзара әрекеті айқындалып, мемлекеттің (ауданның) экономикалық-географиялық сипаттамасының әрбір құрамдас бөлігі тереңдетіп зерделенеді және соның негізінде біртұтас ұғым қалыптастырылады.

Үшінші кезеңде меңгерілген ұғым мемлекеттерді (аудандарды) өзге елдермен (аудандармен) ұқсастықтары мен айырмашылықтары бойынша салыстыру арқылы қолданылады.

Аталған кезеңдерді жүзеге асыру әдістемесі әртүрлі болуы мүмкін. Әдетте тақырыпқа қысқаша кіріспені мұғалім береді, алайда білім алушылардың алдыңғы сыныптарда жинақтаған білімі жеткілікті болған жағдайда және оқулық пен атластағы анықтамалық деректерге сүйене отырып, мемлекетке (ауданға) қатысты бастапқы жалпы сипаттаманы білім алушылардың өз бетінше жасауына да мүмкіндік бар.

Кіріспе кезең проблемалық сипаттағы сұрақтарды қоюмен түйінделеді, ал ұғымдарға қатысты бастапқы түсініктер экономикалық географияның негізгі бөлімдерін игеру барысында біртіндеп нақтыланып, ғылыми тұрғыда негізделеді. Мұндай мәселелік сұрақтарды ұсыну және оларды шешуге бағытталған ізденіс білім алушыларды әртүрлі ақпарат көздерін пайдалануға, оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға ынталандырады.

Екінші кезеңдегі оқу іс-әрекетінің тиімділігі негізінен оқушылардың экономикалық-географиялық сипаттаманың жоспарын саналы әрі жүйелі түрде меңгеруіне байланысты. Үшінші кезеңде елдер мен аудандарды салыстыру екі негізгі міндетті шешуге бағытталады: біріншіден, табиғи жағдайлар мен елдің (немесе ауданның) қазіргі экономикалық дамуындағы, оны өзге аумақтардан ерекшелендіретін белгілерді айқындау арқылы алынған білімді бекіту; екіншіден, зерттеліп отырған мемлекеттің немесе ауданның белгілі бір елдер мен экономикалық аудандар типіне жататынын анықтап, сол типке тән ортақ белгілерді көрсету, бұл елдер мен экономикалық аудандар типтері туралы жалпылама ұғымдардың мазмұнын тереңдетуге мүмкіндік береді.

А.В. Даринскийдің арнайы зерттеуінде көрсетілгендей [7], экономикалық география бөлімінде «экономикалық аудан» ұғымын меңгеру географиялық орны мен табиғи жағдайларын сипаттау үдерісінде қалыптасады. Бұл ең алдымен шаруашылық тұрғысынан маңызды табиғи компоненттер мен географиялық орналасу ерекшеліктерін іріктей білу, олардың экономикалық қызметке әсерін бағалау және табиғи жағдайларды пайдаланудың мүмкіндіктерін анықтау арқылы жүзеге асады.

Жалпы география теориясының іргетасын құрайтын географиялық ұғымдар мен заңдылықтар жүйесін саналы түрде игеру білім алушылардың жоғары деңгейдегі даярлығын,

географиялық дүниетанымы мен мәдениетінің қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі шарт болып табылады (1-кесте).

Географиялық орын ішкі мазмұнына қарай физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық жағдайды қамтиды. Экономикалық-географиялық жағдай экономикалық-географиялық зерттеудің барлық объектілеріне тән, атап айтқанда өндірістік кәсіпорындарға, қалалар мен өзге елді мекендерге, аудандарға, мемлекеттерге, субаймақтар мен аймақтарға қатысты қолданылады.

Экономикалық-географиялық жағдай (ЭГЖ) әлеуметтік-экономикалық географияда жан-жақты дамытылған ғылыми ілімдердің бірі болып саналады. Оның қалыптасуына Н.Н. Баранский [8], Н.Н. Колосовский [9], И.М. Маергойз [10] елеулі үлес қосты.

Кесте 1 – «Экономикалық география» бөлімінің негізгі түсініктері мен заңдылықтары»

Экономикалық география	
Ұғымдар	Заңдылықтар
Табиғи-ресурстық әлеует, табиғи ресурстарды өңдеу орталықтары, табиғатты пайдалану, тұрақты даму, ғылыми-техникалық революция, адами капитал, индустриялық-инновациялық даму, салалық құрылым, әлемдік шаруашылық, халықаралық географиялық еңбек бөлінісі, халықаралық экономикалық қатынастар, жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, әлемдік шаруашылық модельдері, экономикалық интеграция.	Экономикалық-географиялық орны экономикалық географиядағы жетекші фактор. Аумақтық фактор: табиғи-ресурстық және энергетикалық фактор; көлік факторы; еңбек ресурстарының факторы; ғылыми фактор; экологиялық фактор; өндірісті орналастыру заңдылықтары. Аумақтық бөлінісі: экономикалық-географиялық бірліктерді (облыстар (аудандар) әкімшілік аудандар) қалыптастыру.

Н.Н. Баранский ЭГЖ-ны мынадай түрде анықтаған: экономикалық-географиялық жағдай – бұл кез келген жердің, ауданның немесе қаланың экономикадағы орны мен басқа да экономикалық мәні бар ақпараттармен толықтырылған жалпы экономикалық-географиялық сипаты.

Баранский ең алдымен интегралды ЭГЖ-ны зерттеді, алайда ол жеке компоненттерден немесе жеке ЭГЖ-дан құралған, және олардың ішінде жетекші орын көліктік-географиялық жағдайға тиесілі деп есептеді.

Баранскийден кейін ЭГЖ ауқымына қарай микро-, мезо- және макро-деңгейлерге бөлінді, ал кеңістіктік тұрғыдан – орталық, шеткі, көрші және теңіз жағалаулық ЭГЖ ретінде жіктеле бастады.

